Рефлекторлы құрылымдар зейіннің бастапқы түрлерінде елеулі орын алады. Белгілі болғандай, ағзаға қандай да бір тігіркендіргіш әсер етсе ағза орны анығырақ қабылдауға рефлекторлы бейімделеді. Сонымен көздің торлы қабығының шеткі беліміне жарық

тіркендіргіш түссе, көру мүшесі сол тіркендіргішке қарай бұрылады, өйткені ол жақсы көрінетін өріске түседі.

Дабыл жарғағына қыр жағынан естілетін дыбыстық тіркендіргіш әсерінен дыбыс шыққан жаққа рефлекторлы бұрылады.

Осы құрылымдардың мәні мынада, олар бір басқа үрдістерді тежеу есебінен келесі бір үрдістердің өрбүне әкеледі. Осылайша ағзаның рефлекторлы реакциялары кейбір тіркендігіштердің шығуына қолайлы жағдайлар жасайды. Осындай рефлекторлы құрылымға, рефлексологтар зейін үрдісін жатқызады.

Даму үрдісі барысында зейіннің шығу жері сиякты рефлекторлы құрылымдардан бөліп түсіндіру шын мәнінде идеалистік және ғылыми емес болатын еді. Бірақ, зейінді тек осындай рефлекторлы құрылымдармен түсіндіру дұрыс емес және мүмкіндік емес. Адамның арнайы жоғарғы көріністерінде, зейін саналы үрдіс. Адамның құрылымдарының өзі барлық жағдайда рефлекторлы болмайды. Көп жағдайда зейіннің қатысуымен болатын саналы үрдістер негізінде жасалады. Осылайша, рефлекторлы құрылымдар зейіннің себеп-салдар және оның сыртқы көріністері болуы мүмкін. Бірақ зейін рефлекторлы құрылымға, қабылдаудың құрылымдығына түйістіру әрекеттері қанағаттандырмайды.

Зейінді қабылдаудың құрылымына түйістіру әрекеттері бір қатар негіздер бойынша сын көтермейді. Біріншіден, зейін үшін бөлімдерді, сәттерді, жактарды бөліп көрсетудің маңызды болуы, яғни құрылымды біртұтас емес талдау; екіншіден, зейін бастапқыда сезімталдық қатынасы ретінде көрінеді және оның бөлінүлерімен байланысты, бірақ зейіннің жоғарғы бөлімдерінің маңызды белгісі – алан болу.

Зейін абстракциялармен, қабылдау құрылымдарының болу мүмкіндіктерімен, аландай, саналы түрде белгілі бір жаққа назар аударумен байланысты.

Зейіннің барлық мәселелерін сезімдік өрістің құрылымдылығына түйістіру нәтижесінде өзін заттарға қарсы қоятын және оларға белсенді түрде әсер ететін субъектінің бар болуын терістеу болып табылады.

«Функция» немесе механизм ретінде түсіндірілетін зейін, тұлға және әлемге қатынасы туралы үлкен негізгі мәселенің аспекті болып табылады.

Адамдарда зейіннің жоғарғы түрлерінің болуы, оларды тұлға ретінде коршаған ортадан ерекшелеге, негіз болады, яғни оқиғаларды әртүрлі контексттерге ойша енгізу, түрлендіру мүмкіндіктеріне ие болады. Зейіннің осындай жоғарғы формалары адам санасының өзгешелігін көрсетеді.

Тұлғаның жалпы бағыттылығымен байланысты негізгі қатынастарды ашуудың орнына, зейін теориясы оларды қандай функцияларға енгізу керек деген сауалдарға шоғырланады.

Волютаристік теорияны зейіннің маңыздылығын ерік үрдісіні қатысты қарастырады, бірақ ырықсыз зейін мұндай түсініктерге қарсы келеді.

Ырықты зейіннің сезімдерді басқаруына қарамастан көптеген ағым өкілдері, зейінді сезім арқылы елестетуді көрсетуге дейін барды.

Кейбіреулер тұлғаның жалпы бағыттылығының маңызын ескермей, зейін туралы түсінікті елестету мазмұнын өзгертуден іздеңдерді.

Былайша айтқанда, мәселенің арнайы түйіні мынада: зейін адамның өзімен қоса әрекет бағыттылығы және оның ішкі психикалық үрдістерінің арасындағы өзара қатынас пен елеулі түрде шартталған. Зейін әрекеттерді ойлардың, тұжырымдардың сәйкес келген бағытына қарай бағдарлайды.

Зейіннің болмау себебі - олардың быттыранқылығы немесе ажырауы болып табылады. Зейін бағыттары әрекетпен реттелетін үрдістердің арнайы ерекшеліктерін көрсетеді. Зейін тұлғаның санаға бағытталған обьектіге қатынасын көрсететіндіктен, тұлға үшін сол обьектіге зейін аудару маңызды болып табылады.

Зейіннің қандайда бір обьектіге аударылуы, зейіннің дәстүрлі механикалық теориясында көрсетілгендей, зейін обьектіден шығатын тіркендіргіш күшіне де байланысты.

Әлсіз тіркендіргішке қарағанда, күшті, өткір дыбыс, жарық яғни қандай да бір интенсивті тіркендіргіш – бірдей жағдайда зейінді өзіне жылдам аудартады. Брақ, нәтижесінде күш немесе тіркендіргіш интенсивтілігі өзінен-өзі маңызды шешім болмайды. Сонымен қатар обьектінің берілген субъектіге сәйкес келуі жөніндегі маңыздылық шешімді мәнге кіреді. Қандай да бір іске шоғырланғандар, айналысып тұрған ісіне қатыссыз, қасындағы қатты тіркендіргіштерге де зейінін аудармайды, айналысып отырған істеріне қатысты бөгде шуларға, қызықтыратын кішкене бөлшектерге зейіндерін бірден аударады.

Әсердің маңыздылығы елеулі қызығушылықтың бағытталуына байланысты. Зейін көп жағдайда қызығушылықтың функциясы болып табылады. Сондыктан да ол тұлғаның қажеттіліктеріне, ниеттеріне, жалпы бағыттылығына, алдына койған мақсаттарына байланысты. Эмоционалды және интеллектуалды сәттер үйлесімдіктері зейінді негіздейтін қызығушылықтар болып табылады.

Қызығушылық пен тікелей байланыстың күшіне қарай эмоциялы әсер болады. Эмоционалды сәттер зейіннің бағытына елеулі әсерін тигізді. Қызығушылықта тек эмоционалды сәттер ғана емес, сонымен қатар интеллектуалды сәттер де енеді. Интеллект, таным, эмоция сәттерінің бірлігі және өзара енуі қызығушылықтың мәнін анықтайды.

Қызығушылық, обьект туралы біту ниеті болып табылады. Сондыктан да ол мәселелікпен, белгісіздікпен, қандай да бір мәселенің болуымен қозады.

Зейін туралы көп тараған теориялардың бірін Т. Рибо ұсынды. Оның айтуы бойынша, зейін немесе күшті болуына қарамастан, әрқашанда эмоциялармен байланысты және эмоциялар арқылы туады. Т. Рибо, эмоция және ырықты зейін арасындағы ерекше тығыз байланысты қарастырды. Оның айтуы бойынша, зейіннің осындай интенсивтілігі және ұзақтығы эмоционалды жағдай обьектісінің интенсивтілігі және ұзақтығына негізделген. Сондай-ақ ырықсыз зейін жалпы эффективті күйге төуелді. Зейін жағдайы әрқашанда тек эмоционалды күйзелістермен ғана емес, сонымен қатар дene елшемінің және ағзаның физиологиялық жағдайының белгілі елшемдерімен қатар жүреді.

Т.Рибо үшін психикалық үрдістердің және қалыптардың физиологиялық өзара байланысы ерекше болды, және де осы жағдай, бізді қызықтыратын көріністері оның трактатында айтылды. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, Т.Рибо концепциясын психофизикалық деп атауға болады. Қозғалыстың зейін актісіндегі маңыздылығын Т.Рибо келесі түрде көрсетті. Қозғалыс физиологиялық түрғыда берілген сана қалпына күш бере отырып оны күштейтеді.

Сезім мүшелері үшін, зейін, көру және есту, басқару және көрумен байланысты қозғалыстарды шоғырландыру және тежеу болып табылады.

Ұсынылып отырған күш зейінді жинактайды және тежейді, әрқашанда дene негізіне сүйенеді. Т.Рибоның ойы бойынша, зейіннің қозғалыс нәтижелігі мыналардан құралады: кейбір түйсіктер, ойлар, есте сактаулар. Бұл құрылымдар басқа қозғалыс белсенділіктерімен салыстырғанда ерекше интенсивтілінеді және нақты болады. Қимыл-қозғалыстарды басқару – ырықты зейін құпиясы болып табылады. Қажетті қозғалысты ырықты түрде қайталау негізінде зейінімізді осы қозғалыска аударамыз. Т. Рибо ұсынған зейіннің моторлы теориясының сипаттары осындай.

Зейін құрылым түсінігімен байланыстыратын тағы бір теорияны Д.Н. Узнадзе ұсынды. Оның құрылым туралы теориясы бастапқыда тәжірибе әсерінен ағзада пайда болатын және келесі әсерлерге реакцияларын анықтайды алғашқы құрылымның ерекше қалпымен ұштасты. Мысалы, егер адамның колынан көлемі бойынша бірдей, салмағы жағынан әртүрлі екі бірдей шар ұстасақ, ол адам шарлардың салмактарын әртүрлі бағалайды. Қайталаған жағдайда, колына бұрын түскен женіл шар барлық қатынаста бірдей болып көрінеді. Осындай иллюзия байқалатын адамдарда, заттардың салмактарын қабылдауы бойынша белгілі бір құрылым қалыптасты делинеді.

Д.Н.Узнадзенің ойы бойынша, құрылым зейін үрдісімен тікелей байланысты және адамның ішкі зейін жағдайын көрсетеді. Импульсивті мінез құлық жағдайында

көрсетіледі. Зейіннің болмауымен байланысты субъектінің белгілі психикалық қатарының, сезімдерінің ойларының, образдарының пайда болуы осылайша түсіндіріледі. Әрбір белгі құрылым жағдайының өзектілігі негізінде субъект саласында біткетар күйзелістер, психикалық мазмұндар туады.

Д.Н.Узнадзе теориясында құрылым және объектілеу түсініктері бір-бірімен байланысты. Ол белгілі бір бейне құрылымы немесе әсерленуі қоршаған шындықты қабылдау барысында алынғандарды ерекшелеу ретінде трактатталады. Осы бейне немесе әсер зейіннің объектісі болады.

Зейін туралы қызықты теориялық тұжырымды П.Я. Гальперин ұсынды.

Ол тұжырымының негізгілері мынадай:

1. Зейін – бағдарлы зерттеу әрекетінің бір сәті болып табылады. Ол бейне мазмұнына, ойлауға бағытталған, яғни берілген уақытта адам психикасының феномені болып табылатын психологиялық әрекет болып көрінеді.

2. Функциясы бойынша, зейін мазмұндарды бакылау түрінде көрінеді. Адамның әр әрекеті бағдарлау, орындау және бакылау бөлімдерінен тұрады.

3. Белгілі бір өнім шығаратын әрекеттерге қарағанда, бакылау немесе зейін әрекеттері өз бетінше нәтижелі болмайды.

4. Зейін дербес, накты акт ретінде, ой әрекеті кезінде ғана емес, сонымен кatar қыскартылған әрекет кезінде де көрінеді. Бакылауды зейін ретінде қарастыруға болмайды. Зейін қандай бір үрдісті жақсартуға неіз болған жағдайда, бакылау әрекеті ғана бағалайды.

5. Зейін үрдісінде бакылау критерийі, шаралар, үлгі сияқты әрекеттерді салыстыруға мүмкіндік беретін әрекеттер көмегімен жасалады.

6. Ырықты зейін жоспарлы түрде жасалатын зейін, яғни алдын-ала жасалған бакылау түрі.

7. Ырықты зейіннің жана тәсілін қалыптастыру үшін, негізгі әрекетке қосымша әрекеттермен бірlestікте жүргізу барысын, нәтижелерді тексеру, сәйкес жоспар жасап дамыту сияқты тапсырмаларды ұсыну қажет.

8. Бакылаудың ырықты және ырықсыз функцияларын орындайтын, белгілі зейін актілерінің барлығы жана ой әрекетінің қалыптасу нәтижесі.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Страхов И.В. Психологические основы педагогического такта. – Саратов, 1972. – 260 с.
- 2 Алякринский Б.С. Беседы о самовоспитании. – М., 1977. – 102 с.
- 3 Рувинский Л.И. Самовоспитание личности. – М., 1979. – 113 с.
- 4 Философия және мәдениеттану: Оку құралы / Құраст. Алтаев Ж., Ғабитов Т., Қасабеков А. және т.б. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 17 б.

УДК 378.18:372.8:78

**Н.А. Митина, Т.Т. Нуржанова**

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган*

### **ОРГАНИЗАЦИЯ ДОСУГА СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА**

Студенттердің бос уақытындағы демалысты үйимдастыру жұмысындағы проблемаларды карау.

The problem of organizing the student leisure is considered in this paper.

Известно, что сегодня свободное время становится той сферой, где происходит общение студентов с искусством, живописью, кино, музыкой, литературой, где они могут заниматься спортом, в драмкружках, посещать выставки, театры, музеи, встречаться с интересными людьми.

Свободное время – обязательное условие расширенного духовного воспроизведения личности. Человек может трудиться, но, если он не располагает временем для отдыха, для занятия любимым делом, он не растет, и тем самым общество не имеет расширенного воспроизведения духовных сил.

При всех положительных сторонах досуга, можно отметить, что при относительно низкой культуре его использования досуг не только не приносит ожидаемого восстановления утраченных сил и развития творческих способностей, а напротив, превращается в криминогенный фактор общества.

«Свобода и досуг: этими двумя вещами я обладаю в такой полноте и ценю их в такой степени, что нет в мире монарха, который был бы настолько богат, чтобы купить их у меня», - говорил Р. Декарт [1, с. 23].

Неумение содержательно и с пользой для себя и окружающих организовать досуг – показатель низкой культуры человека. К.Д.Ушинский говорил, что если человек не знает, что ему делать в часы досуга, то тогда портится у него голова, и сердце, и нравственность

[2]. Вот почему перед обществом стоит задача большого социального звучания – воспитание культуры использования свободного времени, умение рационально организовывать его, так как молодежь особенно остро чувствует недостаток внимания со стороны взрослых.

Анализ психолого-педагогической литературы по проблемам досуговой деятельности (А.Ф. Воловик, В.Я. Суртаев, Н.П. Гнатюк, Н.И. Бочарова, К.Н. Измайлова и др.) позволяет сделать вывод о взаимосвязанности и взаимообусловленности образа жизни и процесса формирования личности [1,3,4,5,6].

Так, разумно организуя свое свободное время, овладевая навыками и умениями культурной организации досуга, в юности человек создает необходимые предпосылки для своего всестороннего развития и в зрелые годы.

Досуг – синоним словосочетания «свободное время». Свободное время – это беспорядочное, неорганизованное, нецелеосмысленное функционирование человека как в рамках организации, так и вне ее. По мнению Н.И. Бочаровой, досуг – это организованная деятельность человека, направленная, в конечном счете, на приобретение и накопление положительной эмоциональной энергии [5, с. 29].

В современных справочниках и энциклопедических словарях даются сходные определения досуга, смысл которых сводится к тому, что досуг – это часть внебиробочего времени, которая остается у человека после выполнения обязательных непроизводственных обязанностей.

Специфическими особенностями досуговой деятельности являются:

- во-первых, ее действительный мотив – потребность личности в самом процессе этой деятельности;

- во-вторых, она может быть разнообразной по своему предмету;

- в-третьих, в отличие от прочих видов деятельности, цели и содержания которых заложены в них самих, цели и содержание досуговой деятельности избираются человеком в зависимости от его нравственного развития и культурного уровня;

- в-четвертых, досуговая деятельность может носить социально-полезный, социально нейтральный характер, быть замкнутой в системе узкогрупповых ценностей и обретать характер социально отрицательный, асоциальный.

Жизнедеятельность студентов предельно насыщена и относительно строго регламентирована, а поэтому требует затрат физических, психических и интеллектуальных

сил. На этом фоне досуг помогает снять создавшееся напряжение. Именно в рамках досугового времени происходит восстановление воспроизведение утраченных сил.

В процессе коллективного досугового времяпрепровождения происходит упрочение чувства товарищества, возрастание степени консолидации, стимулирование трудовой активности, выработка жизненной позиции, научения нормам поведения в обществе.

Однако изучение проблемы показывает, что в научной литературе нет упоминаний об исследованиях на эту тему, вместе с тем, учитывая специфику развития личности студента можно заинтересовать его общественной жизнью учебного заведения и таким образом организовать досуг, чтобы молодой человек приобретал положительный опыт социализации, а не бесцельно использовал свободное время. К сожалению, чаще всего социализирующее воздействие на юношество бывает случайным, мало организованным в различных сферах деятельности – в семье, в университете, в досуговых учреждениях. Случайными могут быть посещение кино, театра, выставки, выбора литературы для чтения и музыки для прослушивания. Случайным может оказаться окружение и дела, осуществляемые в группе.

Разрешение этого противоречия заключается в целенаправленной деятельности социальных институтов, ориентированных на формирование соответствия между лично значимым и общественно значимым, на формирование общечеловеческих ценностей молодого поколения. Особая роль в решении этих задач отводится семье, досуговым учреждениям и университету.

Существенная роль в организации досуга студентов принадлежит университету, где на различных этапах обучения в программу образования включены такие предметы как «основы этики и эстетики», «риторика», «этика и психология семейных отношений», «музыкальный досуг молодежи», «педагогика», «психология», «педагогическое мастерство», «методика музыкального образования» и другие, способствующие становлению человека.

Важное место в организации студенческого досуга также принадлежит массовым мероприятиям. Внутривузовские дискотеки, вечера, беседы, лекции-концерты, диспуты по различным проблемам, недели языков, недели музыки, недели психолого-педагогических дисциплин и другие мероприятия оказывают социализирующее воздействие на личность.

В этой связи, в условиях формирования студента факультета педагогики и музыкального образования как целостной творческой личности с интеллектуальным и художественным способом познания мира, актуальной задачей становится организация процесса творчества студентов во время досуга в такой форме, чтобы студенты перешли от отрывочного, несистематизированного овладения художественно-творческим потенциалом к упорядоченному приобщению к художественной культуре и широкому поиску. При этом особого внимания, на наш взгляд, заслуживает организация музыкального досуга молодежи, ибо благодаря музыке осуществляется ценностное отношение к окружающей жизни, событиям, явлениям природы.

В этом плане решающее значение приобретает исследование роли отдельных форм музыкального досуга в становлении личности студента, в частности одной из самых массовых его форм – вузовской дискотеки.

Внутривузовская дискотека содержит в себе еще далеко не полностью освоенные современной теорией и практикой воспитания возможности формирования патриотических, этических и этнокультурных взглядов и убеждений средствами искусства. Кроме того, нетрадиционность дискотеки, как средства массового нравственного, эстетического воздействия на молодежь обуславливает возможность и необходимость творческого поиска в реализации ее воспитательного потенциала.

Интенсификация деятельности вузовской дискотеки в настоящее время обусловлена следующими причинами: возрастает доля свободного времени молодежи, которая не удовлетворяется традиционным формами его использования, а постоянно стихийно-

эмпирически осуществляет поиск новых форм; в условиях дискотеки органическое сочетание развлечения и актуальной информации удовлетворяет интерес молодежи к современному музыкальному искусству; дискотека нередко становится средством проявления инициативы и самодеятельности ее организаторов и посетителей; дискотека обладает полифункциональным характером, предоставляющим возможности для художественного (сценарная работа, режиссура, деятельность ведущих) и технического (звукозапись, светотехника, изготовление кино и мультфильмов, слайдов и пр.) творчества.

Внутривузовская дискотека, являясь формой организации свободного времени студентов на основе неформального общения, обладает рядом особенностей, существенно отличающих ее от дискотеки досугового учреждения: для нее характерны наличие постоянной стабильной аудитории, координация с другими видами учебной и внеаудиторной воспитательной работы, сходные социальные, возрастные, психофизиологические, образовательные характеристики и относительная общность художественно-познавательных интересов участников. Наиболее распространенными формами дискотечных программ в нашем вузе являются: диско-лекторий, а также диско-зрелищные жанры (панорама, диско-театр).

Полифункциональный характер внутривузовской дискотеки предоставляет, кроме того, широкие возможности для активизации инициативы и самодеятельности студентов. Формирование художественного вкуса, полноценного художественно-ассоциативного багажа, осознанной эстетической оценки, навыков творческой деятельности студентов и эстетического опыта может успешно осуществляться в условиях вузовской дискотеки тогда, когда методологическими критериями ее функционирования являются: художественный уровень, информативно-эмоциональная насыщенность, тщательный отбор фактического материала, личность ведущего. Таким образом, наибольшая эффективность воспитательного воздействия вузовской дискотеки достигается в процессе планомерного и целенаправленного воздействия на стабильную аудиторию.

Мы попытались выяснить, как распределяют свое время студенты факультета педагогики и музыкального образования Жетысусского государственного университета имени И. Жансугурова.

Больше всего времени студенты тратят на посещение лекций и семинаров, а также на подготовку домашних заданий, письменных работ и чтение литературы к курсам в библиотеке и дома.

По популярности среди студентов отчетливо выделяются три группы способов проведения свободного времени: в первую (наиболее популярные виды досуга) входят чтение, общение с друзьями, прослушивание музыки, посещение дискотеки.

Во вторую – посещение кружков, компьютерные игры; в третью (средняя степень популярности) – все остальные способы проведения свободного времени. На старших курсах, по сравнению с младшими, менее популярными становятся занятия спортом, посещение кружков, занятия своим хобби, прослушивание музыки и хождение на дискотеки как способы проведения свободного времени.

Более две трети студентов используют досуг для занятий спортом, правда, всего лишь менее тридцати минут в сутки. Лишь пятая часть студентов посещают научные кружки и проблемные группы, занимаются научной деятельностью.

Несмотря на то, что в университете проводится много различных досуговых мероприятий (концерты, КВН, дискотеки, спортивные соревнования), работают разнообразные кружки, ансамбли, народный оркестр, камерный хор, 46% студентов не интересуются культурной жизнью университета. Они объясняют это тем, что не хватает времени, просто неинтересно, отсутствием информационности, отсутствием определенной атмосферы, тем, что каждый предоставлен сам себе, нет ничего сближающего людей и т.д.

Таким образом, следует отметить, что молодежный досуг носит в значительной мере культурно-потребительский характер и отдыхающе-развлекательную направленность.

Интерес в тех формах досуга, которые требуют напряжения ума, души, творческой активности, сформирован незначительно. В этой связи, считаем необходимым выделить несколько приоритетных позиций педагога-организатора досуга молодежи:

- увеличить степень самостоятельности студента в выборе и реализации досуговых потребностей, его способности контролировать свое свободное время и более эффективно решать возникающие проблемы досуга;

- создать условия, в которых студенты могут в максимальной мере проявить досуговую инициативу, творческие возможности.

Преодолеть потребительское отношение к свободному времени, научить превращать свободное время в пространство для всестороннего развития личности – одна из важнейших и наиболее сложных задач общества.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Воловик А.Д., Воловик В.А. Педагогика досуга. - М.: Флинта, 1998.
2. Ушинский К.Д. Полное собрание сочинений, т.6. - М: Педагогика, 1962.- С.123.
3. Суртаев В.Я. Основные направления самореализации молодежи в условиях досуговой деятельности. СПб, 1992.
4. Гнатюк Н.П. Мир увлечений людей. - М.: Педагогика, 1989.
5. Бочарова Н.И., Тихонова О.Г. Организация досуга детей в семье. - М.: Академия, 2001.
6. Измайлов К.Н. Молодежный культурный центр и проблемы перестройки клубной работы. - М: Педагогика, 2005.

#### ӘӨҚ 378

**Х.Т. Наубаева, Г.Б. Баримбекова**

*I.Жансугиров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

#### **БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТИНДЕ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРЕРИ**

В данной статье рассматриваются проблемы, психологических механизмов формирования и развития познавательной деятельности студентов в процессе обучения.

This article deals with problems of psychological mechanisms of formation and development of students' cognitive activity during the learning process.

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі-таным теориясы, білімгер тұлғасын жан-жакты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілімі болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытууды арнайы үйымдастыратын іс-әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту теориясының білімгерлерді оқыту мәсеселіндегі талаптарының бірі-танымдық қабілет .Бұл талаптың орындалуы білімгерлердің оку материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен косымшасын анықтауға , алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға , өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді.Білімді саналы менгеру өз бетімен жана білім алуға мүмкіндік беретін танымдық қабілеттің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды.Білімгерлердің танымдық іс-әрекетінің көздейтін мұддесі-білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдете қажеттігі негізінде дамиды. Қабілеттің ең жоғарғы көрінісі білімгерлердің алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.Білімгер акпаратты, іс-әрекет тәсілдері мен бағадау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және жеке адам игерген ұжымдық тәжірибе тағылымдары жөнінде оқытушының беретін білімімен шектеліп қана қоймай ,оны әрі

қарай өз бетінше белсенді, танымдық іс-әрекеті нәтижесінде игеруі тиіс. Осыдан келіп, оқыту барысында білімгердің іс-әрекетінде танымдық қабілетті дамыту талабы туындайды.

Танымдық іс-әрекет ұғымы мен танымдық қабілетті дамыту мәселесіне педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Көне замандағы Антик дәуірдің өзінде-ақ ойшылдар мен педагогтар білімгерлердің өзіндік ой-тұжырымын жасау оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістер жайлы мәселелерге көніл бөлген. Білімгерлердің ақыл-ой тәрбиесіне негізделген тәрбие теориясында айналасындағы дүниені шынайы ақиқат тұрғыда танып-бітуін қамтамасыз етуі мен қоғамға, адамдарға дұрыс карым-қатынасын қалыптастырылуын қарастырады. Бұл идеялар Платон, Аристотель, сондай-ақ ежелгі Рим философтары Плутарх, Тацит, Квинтилий еңбектерінде одан әрі дами тусты.

Сократ оқыту барысында білімгерлердің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарып отыруды қажеттілігімен қоса, оның танымдық қабілетін арттыру мақсатында арнайы оқыту әдісін-эвристикалық әңгімелесуді алғашқылардың бірі болып қолданды. Сократ білімгерлерге білімді жай ғана бере салмай, танымдық қабілеттің көрсеткіші ретінде-сұрақ қоюды ұсынды. Эвристикалық сұрақтарды алдын ала дайындалап, сұрақ қою арқылы олардың танымдық қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге үйретті.

Антикалық дәуірдің өзінде-ақ педагогтар білімгерлердің өзіндік ой тұжырымын жасау, оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістерді дұрыс қолдану мәселесіне көніл бөлген.

Білімгерлердің танымдық іс-әрекеті мен қабілеттің дамыту құралы ретінде қарастырып, құнды пікірлер Ф.Бэкон, М.Манталь, Д.Локк, Д.Дьюи, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоции, И.Кант еңбектерінде айтылды [1].

XVI ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень оқытудағы танымдық әрекеттің маңыздылығын ерекше атап көрсетті: «Тәрбиеші баланы бастаң-ақ оның бойындағы қабілеттерді еркін көрсете бітуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, кейде керісінше, өзіне іздетіп отыруын қалаймын». Монтень таным әрекетінде оқытушының басшылық ролінің маңыздылығын да айтты. Ол: «Білімгер оқытушыдан алған білімін түгел сүзгіден өткізу, өз бетінше талдау жасату қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дами түсетіні сөзсіз», - деп жазған болатын.

Танымдық қабілетті дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменскийдің XII ғасырда жазған «Ұлы дидактика» атты енбегінде: «Заттың не құбылыстын түп тамырына жету, анықтау қабілеттің дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», - деп ерекше атап өтті. Я.А.Коменский дидактикалық принциптерді ұсына келіп, танымдық қабілетті дамытуда оқытушының ролі туралы жазған болатын. Ол: «Таным бастамасы-түйсіктен, білімгер түйсіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бакылау арқылы білімгердің қабілеттің дамыту керек», - деп жазды.

Я.А.Коменскийдің білімгердің өз беттілігі туралы идеясын Д.Локк одан әрі дамытып, оку әрекетіндегі мотив пен ұмтылыс туралы сөз етіп, сұрақ қою арқылы шәкірттің дамуындағы өзбеттілік әрекетін реттеу қажеттілігін атап көрсетті.

Локк мұралары мотив компоненті туралы, оның оку үрдісінде жеке тұлғаны дамытуда маңыздылығын көрсетті.

Ж.Ж.Руссо тәрбие мақсаты жөнінде пікір айтып, білімгердің шығармашылық тұлғасын көрсету керектігін айтты. Ол оқудағы қабілеттілік, өзбеттілік, дербестік ұстанымын көрсетіп берді [2].

Ж.Ж. Руссо білімгердің өз бетінше білім алудағы оқытушының ролін ескерменімен, оку үрдісінде танымдық әрекет идеясына үлкен мән берді. Руссо дидактикасында оқыту үрдісінде ең бірінші орынға танымдық қабілеттілік пен өзбеттілікке, ізденімпаздық принциптерінің маңыздылығына тоқталды.

Американдық психолог, педагог Джон Дьюи білімгердің танымдық қабілеттінің маңыздылығын айта келіп, негізгі дидактикалық мақсат білімді, материалды беру түсіндіру емес, ол өздерінің тәжірибесі негізінде оқыту қажет, тұма қабілеттерінің дамуына жағдай жасау қажет деген пікір айтты.

VIII-XIX ғасырда танымдық әрекет, оқыту әдісінің психологиялық қайнар көзін іздеуде И.Г. Песталоции еңбектерінің маңызы зор болды. И.Г.Песталоции «Көзбен қабылдау әліппесі» деген еңбегінде білімгердің түйсік тәжірибесіне сүйенеді. Ол ақыл-ой тәрбиесінің алғашкы сатысы-танымдық қабілетті дамытуға қажетті оқытудың эвристикалық бақылау әдістемесін жасайды.

«Адамның әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті, - деп жазды Песталоции, - бұл оның бақылаулары нәтижесінде қалыптасқан ой - өрісінің жемісі»

Песталоции сияқты Дистервег те оқытудың негізгі ақыл-ой мен қабілетті дамыту деп көрсетті. Жеке пәндерді оқыту арқылы білімгерге болашақ мамандық мамандық иесі болуға қажетті біліммен каруландыруға ерекше көніл бөлуді талап етті.

Ал Дистервег еңбектеріндегі білімгерді оқытудың өзбеттілік принципі-өздігінен білім алуға талпындыратын өзіндік таным еркіндігі. Сондыктан оқытушының негізгі мақсаты өзбеттілік іс-әрекетті дамыту арқылы білімгерлердің алатын білім сапасын тереңдете түсу.

Дистервег білімгерді оқытуда тәжірибе жинақтауынан оның ақыл-ой әрекетінде болатын сандық және сапалық өзгерістердің жиынтығы танымдық қабілеттін дамытуды көздеді. Өсіресе, ол оқыту барысында әңгіменің алатын орнын жоғары бағалады. Әнгіме білімгердің танымдық қабілеттін дамытады, білімін нығайтады, байыптау, өздігінен ойлауға үйретеді деп есептеді.

К.Д.Ушинскийдің «акыл-ой дегенінің өзі жақсы ұйымдастырылған білім жүйесі» дегенін ескерсек, ақыл-ойды қандай бағытта, қандай формада дамыту керектігі туралы қарастыра келіп, өз еңбектерінде білімгердің оку үрдісінде ақыл-ойды дамыту мен тәрбиелеудегі ең негізгі шарт-оқытушы мен білімгердің оку іс-әрекеті барысындағы еңбегінің дұрыс болуы мен жүйелі жинақталуында екендігін айтып өтті [3].

Сондай-ақ, ол оқыту үрдісінде материалдың көлемін, сипатын және оқыту әдістерін анықтауда білімгерлердің ой-өрісі мен қабілеттерінің ерекшеліктерін ескере отырып, материалдың біртіндеп және тізбектеп берілуін әрдайым сақтап отыруды, мазмұндауда да, анықтамаларда да, корытындылар мен тұжырымдардың анық та дәл айтылуын талап етті. Сондай-ақ білімгерлердің таным қабілеттін дамытудың және өздігінше білім алу дағдыларын қалыптастырудың маңызды құралы ретінде білімгерлердің өздігінен істейтін жұмысына зор көніл бөлді.

Ушинскийдің пікірінше, оқытудың алғашкы сатысында оқытушының басқарушылық және сейлей біту қабілеті, сұраптар койып, оны білімгерлерге жеткізу, оқыған кітабын білімгерлерге әңгімелеп беру, сурет бойынша әңгіме-сұхбат өткізу сияқты іс-әрекеттер маңызды болып табылады. Бірак оқытушының ролін ескере отырып, ол білімгердің ізденімпаздығы мен қабілеттін дамыту мақсатында ұйымдастырылған дербес бақылау және тәжірибе өткізу, көрнекіліктер дайындау сияқты өзіндік жұмыстардың маңыздылығына тоқталады.

Н.Г.Чернышевский еңбектерінде танымдық қабілетті дамыту барысында алатын орнына мән берді. «Егер біздің білімгерлеріміз шын мәнінде білімді боламын десе, білімді өз бетімен игере алуы, ізденуі керек», - деп жазды.

Б.Г.Белинский жан-жақты адам тәрбиелеп шығарудағы ақыл-ой тәрбиесіне, оқытудың индуктивті әдісіне көніл бөлді соның нәтижесінде оқылатын материалды түсіну қабілеті дамиды деп есептеді «Анализден-синтезге өту, мысалдан ереже шығару-оқытудағы ең тиімді жүйе», - деп жазды ол.

Революционер-демократтар танымдық қабілетті қалыптастырудығы өзіндік жұмыстың ролін айта келіп, оку үрдісін жеделдету құралы ретінде бағалады.Олар білімді менгеру мен оқытуды дамыту жөнінде құнды пікірлер айта келіп, оку мен білім алу деген тек қана білім деректерін менгеру еместігін ескертті.Білім алу,оку-тану,тану жүйесі мен әдістерін менгеру.Олар менгеретін білімдердің жүйелі түрде бірлікті болу идеясын ұсынды. А.И.Герценнің айтуынша, егер ғылымдарды белгілі бір жүйемен және тәртіппен оқытатын болса, кын немесе көніл тартпайтын тұстары болмайды.Бірақ курделі ауыр енбексіз ғылым менгерілмейді дейді. Оқуда білімгердің танымдық қабілеті тым қажет, олар дәріс алғанда өз бетінше оқуға, өздері сұрай білуге, өз бетінше мәселені талқылай білуі тиіс.

А.И.Герценнің пікірінше, білімгерлер білім көзі-кітапта екендігіне саналы түрде карауы және көркем, ғылыми кітаптарды өздігінше окуы керектігін айтты. «Жан-жақты білімділіктің өте зор құралы – өздігінше оку», - деді ол.

П.Ф.Каптеров педагогикалық үрдіс білімгер мен оқытушының бірлескен әрекеті: бір жағынан, бұл-оқытушының бағыттаушы, ал екінші жағынан-білімгердің өзіндік ішкі әрекеті.Ол білімгердің білім игерудегі танымдық қабілеті мен қызыгушылығына, талпынысына ерекше мән берді. Каптеров білімгердің білімді игерудегі ішкі мүмкіндіктерін зерттеуді бірінші орынға қойды.

Н.Ф.Талызина, В.Ф.Шорохова т.б. психологиялық зандылықтарға сүйене отырып, білімгерлердің танымдық қабілеті, өзіндік жұмыстары білімгерлердің ойлау өрісін көнегітіп, ой қиялын қияға жетелейді танымдық қабілетін дамытып, білімдерін терендетеді деп түсіндіреді [4].

Дидактикалық міндеттерді шешуде Ы.Алтынсарин үлкен үлес косты. Алтынсариннің оқытушы міндеттері туралы, қалай оқыту керек деген талаптарды біздің зерттеулерімізде маңызды болды. Ы.Алтынсарин оқыту үрдісіндегі оқытушының алатын орны, оның шеберлігі мен біліктілігін жоғары қойды. Бұл жөнінде К.Д.Ушинскийдің «...тәрбиеші-әткен мен болашақтың құдыретті жауынгері және ол өз ісінің сырт қараганда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл істен көптеген ұрпактар нәр алатынын түсінеді» деген ойларына пікірлес болған Ы.Алтынсарин: «Білімгерлермен қысқаша, ашуланбай, байсалды сөйлесу, әрбір пәнде бар пейілтімен және қарапайым тілмен түсіндіру керек, оқытушы жан-жақты, білімді, өз ісінің шебері болуы қажет», - дейді.

Ы.Алтынсарин оқытушының жеке әдіс-тәсілдеріне мыналарды жаткызады:

- а) оқыту әдісі-бұл білімгердің білімге құштарлығын оятатын, алған білімін терендету мақсатында өз бетінше білім көтеруіне бастайтын жол;
- ә) аудиторияда білімгердің белсенді ой-әрекетін жаттықтыру. «Маңыздысы-білімгердің өз бетінше ойлана білуі...»

Ы.Алтынсарин оқыту міндеттері ретінде білімгердің танымдық қабілетін, ақыл-ой әрекетін дамытуды қөздеді.

Көптеген ғалым педагогтар, жас-оқытушылардың тәжірибелері оку үрдісінде басты ролді білімгердің дербес әрекеті мен белсенділік әрекет жасамаса жұмыс нәтижелі болмайды.

А.Байтұрсынов 20-30 жылдары, кейінгі уақытта Ресей ғалымдары В.Давыдов пен Л.Занковтың дамыта оқыту теориясына негіз болған белсенді танымдық қабілеттің ролі жоғары. Бұл ғалымдар білімді тәжірибе арқылы өз бетімен алуы қажет деген пікір айтады.

Қазақтың көптеген педагог ғалымдары да А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Көбебеев білімгерлердің танымдық қызығушылығын тудыра отырып, танымдық қабілетін дамытуда құнды пікірлер айтты.

Ресейде 50-ші жылдарға дейін аудиторияда түсіндіру-иллюстративті оқыту докторалық сипатта болды. 50-ші жылдардан кейін ғылыми-техникалық прогресс оку үрдісінің тиімділігін арттыру және өмір талабына сәйкес оқыту әдістемесін жасауда дидактар мен әдіскерлер білімгерлердің танымдық қабілетін дамыту мәселесіне көніл бөлді. Бұған білімгердің танымдық қабілетін дамыту теориясына тоқталған Е.А.Голанттың оку үрдісіндегі білімгердің таным қабілетін дамытудағы тәрбиенің маңыздылығын дәлелдеп жазған монографиясы мысал бола алады.

Білімгерлердің танымдық қабілетін, ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, окуға қажетті біліктіктер мен дағылар, алған білімнің саналылығы және біліктігін қамтамасыз етуде өзіндік жұмыстың маңызы зор.

Е.Я.Голант білімдер жүйесін менгерудегі білімгердің дербестігі мен қабілеті-оның интеллектілік жан-жақты дамуына, шығармашылық ойлай біту қабілетінің артуына ықпал ететін құрал деп жоғары бағалады.

Б.П.Есиповтың пікірінше, білімгердің шығармашылық жұмысы оқытушының педагогикалық міндеттерді шешуіне, атап айтқанда:

- а) окушының білімді игеруі мен түсінігін көнектігін;
- ә) оку бағдарламасында көрсетілген дағды мен іскерлігінің дамуына (соның ішінде түрлі білім көздері арқылы өз бетімен білімді игеріп, оны терен үғыну);
- б) алған білімін өмірде, қоғамға пайдалы енбекте, өндірісте қолдана білуде;
- в) олардың танымдық қабілетін дамытуға (бақылау, логикалық ойлау, шығармашылық белсенділік және т.б.)
- г) алдағы уақытта да білімгердің өз бетімен нәтижелі жұмыс істей білуіне көмектеседі.

Танымдық қабілеттің психологиялық ерекшеліктері туралы Б.Г.Ананьев, В.А.Артемова, Д.Н.Богаявленский, И.И.Божович, Н.В.Витт, М.С.Выготский, П.Л.Гальперин, В.В.Давыдов, А.А.Леонтьев және т.б. зерттеген [5].

Танымдық мотивтердің критерийлерін-білімгердің танымдық қабілетін, дербестігін, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын, білімге үмтүлсызын-сабакқа қойылатын басты талап ретінде көрсетуге болады.

Танымдық әрекеттің негізінде білімгерлерде танымдық қабілет калыптасады. Танымдық қабілет-білімгердің окуға, білуге деген ынта ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы оқытушының баяндаған тұрған жана материалын түсіну үшін білімгердің оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін көнекті үшін, өздігінен кітап оқып, бақылау, тәжірибе жасау сиякты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені өткен материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағыларына үйренуде қабілетсіз мүмкін емес. Яғни білімгердің қабілеті оку үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет.

Оку іс-әрекетінде білімгердің бойында белсенділік пайда болса, сонда білімгерлердің таным қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректік, байқағыштық, түйсік, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

Жоғарыда айтылған пікірлерді ескере отырып, танымдық қабілеттің нәтижесінде жеке тұлға сан қырлы білім алады, бұл білім алу танымдық қабілетке сезім, таным және ерік процесінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі икемдеу көрінісімен, танымдық мөнін пен ізденімпаздық іс-әрекет тәсілдерін қабылдауымен, білімгердің мінездүкүлкіндағы танымға деген тұракты қозқараспен сипатталады.

Білімгерлердің танымдық қабілеттерін дамыту мәселелеріне И.Я.Лернер мен Г.И.Шукина және т.б. зерттеулері арналған.

Танымдық қабілет туралы проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруде, өзіндік жұмыс орындауда жүзеге асырылады. Білімгерлер өздерінің игерген білімі негізінде пікір алысады, сез жарыстырып, өзара сынға дайын болады, жеке фактілер мен бақылаулардан ой тұжырымдауға, талқылауға жетеді, өз бетінше шешім қабылдаудың жолдарын, әдістерін қарастырады, практика барысында алынған шешімдердің дұрыстығын тексереді.

Оку іс-әрекетінде танымдық қабілетті дамыту мәселелерін іс жүзінде шешудің түрлі жолдарын беліп көрсеткен ғалымдар: Т.С.Сабыров, Т.И.Шамова, М.Н.Скаткин, Ж.А.Қараев, Л.П.Аристова, Г.И.Щукина, П.И.Пидкасистый және т.б [6,7].

М.Г.Голант, Б.П.Есипов, М.Н.Скаткин, А.Байтұрсынов оқудағы танымдық қабілетті дамыту мәселесін практикада танымдық іс-әрекет дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен міндеттерін іріктең шешу арқылы болатындығын көрсетті.

Қазіргі танда елімізде танымдық әрекет, танымдық қабілет, танымдық белсенділік, ізденімпаздық мәселелері өз зерттеулерінде көтерген ғалымдарымыз: Т.Сабыров, А.Е.Әбілқасымова, Н.Д.Хмель, М.Ә.Мұқашева, С.Қ.Исаева, Р.Ш.Садықова, Р.С.Омарова және т.б.

Қабілет адамға тән қасиет ретінде рухани қажеттілікті өтеп субъектіде ерекше қанағат сезімін тудырады. Ендеше қабілеттің бағытын анықтайтын мотив болғандықтан, оның мазмұндық жағы білімгердің қажетіне барып тіреледі деп санайды Ж.Т.Дәүлетбекова. Н.В.Бочкина, А.Е.Әбілқасымова өздерінің педагогикалық зерттеулерінде танымдық қабілет пен белсенділікті жеке тұлғаға тән жиынтық қасиеті ретінде қарастырды.

Сонымен, танымдық қабілеттің мазмұнын бір аяда ғана (әрекет, дайындық, бейімділік, дербестік т.б.) ашуға болмайтын күрделі ұғым болып табылады.

Оку іс-әрекетінде оқытушы мен білімгер арасында бірлескен әрекетте танымдық қабілет идеясының пайда болуы, даму бағыттары былайша сипатталады: бірінші бағыты-схоластикалық оку орнына тән, мұнда білімгер жай ғана жаттап алу, үстірт оку сияқты әрекеттермен ғана шектеледі; екінші бағыт-буржуазиялық оку орындарына тән, білімгер мен оқытушының бірлескен әрекеттері мынандай болады: аудиториядағы барлық жұмыс оқытушының мойнына артылып, білімгер ешкандай белсенділік көрсетпей, енжар дамуы көзделді. Оқытушы оку іс-әрекетінде білімгерді қызықтыра отырып, өзі талдап қорытынды шығарады, оны білімгерге дайын күйінде беріп отырады. Ал білімдердің міндеті – дайын нәрсені игеру болды. Бұл екі бағыт та білімгер мен оқытушы арасында бірлескен әрекеттің бір жақты екенін көрсетеді. Ал ушінші бағыт-оку іс-әрекетінде білімдердің танымдық қабілетін дамыта отырып, оның білімі мен дағдысын жетілдіруге негізделеді, ал оқытушының осы іс-әрекетке басшылық жасай отырып, қажетті көмек берудегі ролі ескерілді.

### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Песталлоции И.Г. - М: Педагогика, 1981-334с.
2. Руссо Ж.Ж. Педагогические сочинения. В2т.
3. Ушинский К.Д. – М: Педагогика, 1989-416с.
4. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология М:-Академия, 1999-288с.
5. Ананьев Б.Г. Познавательные процессы. Мысление и речь. ББК (Н)Ю 983.511.3
6. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру – Алматы:РБК, 1999-836.
7. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру – Алматы: Білім, 1994-1926.

Х.Т. Наубаева, Д. Сабитов

*I.Жансугиров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң ТАРИХЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМ ҰҒЫМЫНЫң ҚАЛЫПТАСУЫ ЖАЙЛЫ

В статье рассмотрены проблемы становления казахстанского патриотизма  
In the article considered the problem of becoming Kazak patriotism.

Егемендік алған бастапқы күндерден-ақ патриотизм ұғымы, оның мазмұны төнірегінде пікір талас жүріп келеді. Одан «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» деген екі ұғымның туындағаны белгілі. Бірақ өсіп келе жатқан жас бұындарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде бұл екі ұғымның қайсысын ұстанған жөн, олардың мазмұндық құрылымы қандай ой-тұжырымдар жүйесінен тұрады, бұдан былайғы кезде мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеуде бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдердің формалары мен мазмұнын қолдануға бола ма деген сияқты көптеген мәселеллер толық зерделенбей отыр.

Қазак халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тонықөктен бастап жерін, елін, тілін, дінін қорғаудағы ештес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлөрі түркі халықтарына тән негізгі ырымдар. Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған занылық тұрғысынан да карауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: «Елтеріс қағанның алғырылығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сінді» - деген көне жазу қазак халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүтін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден –ақ туындал, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді. Күлтегін жазбасында тағы да мынадай жыр жолдарын кездестіруге болады:

Кедей халықты бай қылдым,  
Аз халықты көп қылдым...  
Түркі иелігінен  
Айырылған халықты  
Ата – баба мекенине орнатты... - делінген.

Жазбадан патриотизмнің –халықты көбейтіп, байыту үшін енбек ету, ата-баба мекенине ие болып отыру жолында жан аямау, діл бірлігін қорғау екендігін анғарамыз. Жонғар сияқты алып империямен алысуга, Ресей патшалығының зенбірегіне жалаң қылышпен карсы шабуға жетелеген де осы Отанына деген сүйіспеншіліктің, патриотизмнің қуатты күші.

Тұған жерге деген ыстық сезім, атамакенге деген құрмет пен кадір қасиет тұтуды Ұлы дала ойшылдары Қорқыт Ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, т.б. айтқан болатын.

Ықылым заманнан бізге жеткен «Қорқыт Ата кітабында» тәлімдік мәні күшті, қанатты сөздер мен ұстаздық ұлағаттар көптең кездеседі. Мысалы: «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген коркакқа қылыш сермен, күшінді сарп етпе. Батыр тұған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Атаниң атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жаксы. Ата данын шығарып, өзінің тегін құған балаға ешкім жетпейді. Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан адал жүріп, жарық көріп, өмір сүрген көп артық» - деген

екен. Бұл еснет сөздерден ақыл-парасат, өтірік айтпау, атаның атын былғамау туралы ойлар мен шығарманың өн бойынан ұлы даланың байтақтығын, әдемілігін көреміз, бұл әр түркітің бойында осы далада туғаны үшін мақтаныш сезімін тудырса керек.

Әл-Фараби өзінің «Азаматтық саясат», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеме», «Риторика», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерімен бірге көркемдік, сұлулық, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, олардың негізгісін дәлелдей берген.

Ақын-жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды. Жыраулар жаугершілік заманда хандар мен бектердің ақылгөй кенесшісі болып, жорыктарға бірге аттанды, ру тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын белісті. Жонғар шапқыншылығы кезіндегі халықтың береке бірлігін, Отанға адалдығын сактау, намысты қолдан бермеу, өз Отанын жаудан аянбай корғау- ат жалын тартып мінүте жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы екендігін Шалқиәз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шал ақынның өлең-жырларынан көре аламыз.

Бұқар жырау:

Ер жігітке жарасар  
Қолына алған найзасы,  
Би жігітке жарасар  
Халқына тиген пайдасы – деген екен.

Ал Ақтамберді жырау болса:

Жауға шықтым ту байлап,  
Шепті бұздым айғайлап.  
Дүшпаннан көрген қорлыққа,  
Жалынды жүрек қан кайнап,  
Ел –жұртынды қорғайлап,  
Өлімге жүрміз бас байлап – деген жыр

жолдарымен халықты батырлыққа, батылдыққа шақырған.

Қазақтың айбынды ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлы қазақ шаруаларын бостандық үшін құреске шақырып, қара халықты бақытқа жеткізуі армандағы өткен. Ол өзінің үзенгілес серігі Исатай мен халықтың ерлігін, олардың адамгершілік қасиеттерін жыр етті [1, 46].

Оз халқына, ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев шығармаларынан да көруге болады. Қазақ тарихын зерделеу барысында олардың табиғаты, әлеуметтік жағдайына, түрмис-тіршілігіне байланысты патриот халық екенін айқын аңғаруға болады. Бұны қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш.Уалиханов жақсы зерттеген және өзінің патриоттық сезімін: «Мениң патриоттық сезімім ірбіт сандығында (матрешка сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық) мен ең алдымен өз отбасымды, туған –туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл аймақ, ел –жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін», - деген екен. Бұл тұжырымнан патриотизм отбасынан бастау алып әulet, тұмаластарға деген сүйіспеншіліктен барып халыққа деген махаббат және сол кездегі алдыңғы қатарлы елдердің бірі Ресейді атап көрсетуі де патриотизмнің халықаралық мәдени қатынастардың да негізі екенін көрсетеді.

Қазақта ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына, салт-дәстүріне, ерлік адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпендей елдің баласына ғылым-білім, өнер үйретуді армандады.

А.Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, патриотизмге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілк қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзі, барша жұртшылықты жауласу, күш көрсету дегенді білместен, тек тату-тәтті өмір сүргүе шакырады.

Қарап отырсақ, қай кезде болмасын халық игілігі үшін еңбек еткен ағартушылардың, ақын-жыраулардың барлығының мақсат-мұддесі казак халқын тек бірлікке, ынтымакқа шакыру, ешкіммен жауласпау, оқу білімге уағыздау, адамгершілкті, адал шынышыл болуға, өз Отанын суюге, отаншылдық, отансүйгіштік қасиеттерді әр адамның бойына дарытуға ұмтылған. Бұл бүтінде Қазақстанның, Елбасымыз Н.Назарбаевтың «әр этностың ұлттық сезімін сыйласап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» деген бағытымен үндесіп жатыр.

Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттына деген ыстық сезімді Алашорда қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Т.Рысқұлов, Ә.Бекейханов, М.Шоқай т.б. еңбектерінен де кездестіреміз. А.Байтұрсынов:

-Қазағым елім!  
Қайқайып белін,  
Сынауға тұр таянып.  
Талауда малын,  
Қамауда жанын,  
Аш көзінді оянып... -десе,

М. Дулатов:

«Көзінді аш, оян, казак, көтер басты» -дейді.

Ал С. Торайғыров:

Қараңғы казак көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмаганда кім болам?- деп,

жастарды өнер-білім алып, жарыққа талпыну Отанға пайдалы азамат болу екендігін сан кайталап еске салады. Алаштың осы біртуар ұлдарының бүратана халық болмаймыз, өз алдымызға тәуелсіз ел боламыз деген қазак елі, қазак жастарына қалдырған өсиеттері өз иесіне енді-енді ғана жетіп жатыр. Сонымен катар, қай заманда болсын адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесін келешек қоғам қамын ойлау тұрғысынан қарастырып, М.Дулатов «бастауыш мектепте алған тәрбиенің әсері күшті, сіңімді болуы қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітапшасы ана тілінде өз ұлттының тұрмысынан һем табиғатынан жазылып, баяндаپ оқытуды, осылай біліп баяндаپ оқытқанда, жас баланың ойына, қанына, сүйегіне керекті мағлұмат алып шығады», - деген болатын. Жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін суюге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз улесін косуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Көркем шығармаларда отансүйгіштік сезімді ардактап, батырлық ерлікті мадақтаған, ақылдылық, парасатылық, достық тірізді адамгершілк игі қасиеттер дәріптелген. Бұл такырыпта әнгіме, ертегі өлең, жырлар туғанын, оларда халықтың батырлық, ерлік істерді және оны жасаушыларды ардактағанын білуге болады.

Қазақ совет энциклопедиясында «патриотизм» - дегеніміз (грек patriotes-отандас, patrio - Отан, туған жер) отанға деген сүйіспеншілік. Бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мұддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан калыптаса бастайды, - деп көрсеткен.

Үлкен совет энциклопедиясында «социалистік қоғам азаматының патриотизмі өз Отанына, бүкіл социалистік елдер ынтымақтастығына берілгендей болады» - делінген.

Педагогикалық сөздікте «...патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік ...пролетарлық интернационализммен берік байланысқан» - деп көрсетілген [2, 25].

Ю.К.Бабанскийдің «Педагогика оқулығында «патриотизм ... (грек тілінен аударғанда –Отан) әдетте Отанға сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің курделі жиынтығында көрініс беретін, балаларының Отан –Анаға деген көзқарасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип», - деп көрсетілген.

Қазақ халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірі бір тәбе. Жазушының көптеген еңбектерінің ішінен «Соғыс психологиясы» атты шығармасын ерекше атап өтеміз. Өйткені, мұнда патриотизм және оған тәрбиелеу халқында өрелі пікірлер бар. Ол патриотизм туралы айтудан бүрын оның келіп шығу тегіне үңгіледі, ұлттық мактаныш дегеніміз «белгілі бір ұлт адамының жеке мактаныш сезімі ... өз ұлтын сыйламаса және оны мақтан тұтпаса, ол барып тұрған арамза, «Отансыз қанғыбас» дей келе ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие, адамдарға Отандастарының алдындағы өз халқының және ең алдымен халықтардың бауырластығы алдындағы өз борышын терең де жоғары сезінеді. Адамның жеке психологиясының әскери қызметтегі маңызын аша келіп, Б.Момышұлы: «патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Жеке адамның аман саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын, өзінің мемлекетке тәуелді екендігін сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшету екенин мойындау; қысқасын айқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді», - деп терең, жан-жақты анықтама берген. Қаһарман жазушы біз іздең отырған «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына философиялық анықтама беруге ұмтылған. Ол «ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті - өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын, әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты» [3, 126].

Бақытжан Момышұлы патриоттық сезім «адамдарға генетика арқылы беріліп, ойына мықтап орнығады. Алайда оған күтім мен камкорлық, ұдайы шындалп отыратын тәлімгерлік те қажет», - дейді. Ол ерлік, рух, ұлттық намыс арасындағы тығыз байланысты: «менінше, ұлттық намыс болмаса, ұлт батырлары да болмайды. Сонымен катар ол, ең алдымен, елінің патриоты атанбаса, батыры да емес. Демек, ұлтына деген күрмет патриотизмнің ажырамас бөлігі Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік жоқ жерде патриотизм тумайды. Егер тұра мағынада айтсам, патриотизм – адамды өзінің арғы тегімен жалғастырып жататын арқауы мықты қасиетті жіп», - деп белгілейді. Осыған орай, «Қазақстандық патриотизм» деген ұғымды профессор А.Құсайынов: «Қазақ елін шексіз сую деп түсінемін», - дей келе, «Отан сую» сезімі- халқының келешегі үшін күресумен, ол үшін аянбай еңбек етумен етепе қабысып жатқан сезім, Қазақстанның келешегі үшін ақ жүрек, адал ниетпен қандай салада болмасын өз шамашарқы келгенше аянбай еңбек етү мен Қазақстандық патриотизмнің бүгінгі шынайы көрінісі дер едім», - дейді [4, 56].

Егемен ел жағдайында жастарды отансүйіштікке тәрбиелеу, олардың елін-жерін сүйеттін, ана-тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету бүгінгі мектептің басты мақсаты деуге болады.

Біздіңші патриотизм – ол өзінің тұған жеріне, ана тіліне, мемлекетке деген сүйіспеншілік сезімі, сол мемлекеттің, Отанының ғұлденуіне, өсір өркендеуіне өз үлесін қосу, қызмет ету.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- Нұргалиев Р.Н., Ақмамбетов Ф.Ф., Әбдилдин Ж.М., т.б. Философиялық сөздік. Алматы, 1996ж. - 525 б.
- Педагогикалық энциклопедиялық сөздік. - Алматы, 1986 ж. 291-б.
- Аймауытов Ж. Психология, - Алматы: Рауан. 1995. - 312 б.
- Сейталиев К. Педагогика тарихы, - Алматы: Білім, 2008. - 416 б.

**УДК 378.18**

**I.M. Розакова, Г.К. Тлеуова**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжі*

#### **ӘЛЕУМЕТТИК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ**

В статье рассматриваются вопросы использования новых инновационных технологий в обучении социально-гуманитарным дисциплинам. Анализируются различные методы преподавания. Использования новых технологий расширяет возможности демократизации и гуманизации учебно воспитательного процесса.

Using et innovative technologies in teaching social-humanitarian disciplines are observed in the article. Pifferent methods of teaching are analyzed. The usage of new technology expend the possibilities of democratization and humanization of teaching upbringing process.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” занында “Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттың құндылықтары мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастырудың көсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; білім алуда жаңа технологияларды енгізу; білім берудің акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық жөндерге шығу” делинген. Бұл міндеттерді шешу үшін педагогикалық ұжымдардың ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол аштында тәжірибеле, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындаиды. Сондыктан, әрбір оқытушы өз іс-әрекеттінде қажетті өзгерістерді, әртүрлі тәжірибелер жинауды мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылданап, дұрыс пайдалана білуге көрем.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім берудің дамыту тұжырымдамасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқындығыны зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен акпараттық технологияларды жетілдіру болады» деп атап көрсетілген.[1] Бұл бүтінгі таңда білім беру саласында білім мазмұнын жаңаша мазмұнмен терендете негізінде көсіби мамандар даярлаудағы негізі мәселелердің бірі Аталған мәселелерді дұрыс шешу болашақ мамандың орта кәсіптік оку орындарындағы көсіби сапалы білім алушынан туындаиды. Сондыктан да, болашақ маманды көсіби даярлауда жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдану – орта кәсіптік оку орындарында әрбір оқытушыға қойылатын негізгі талаптардың бірі.

Инновациялық технологиялар білімгерлердің көсіби-шығармашылық қабілетін, дүниетанымын, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Ал инновациялық технологиялардың мақсаты мен мазмұндық сипаттамасын жетік менгерген оқытушы бәсекеге қабілетті, білімді, білікті мамандарды даярлай отырып, олардың жеке тұлғалық

қадр-қасиетін қалыптастырып, өз пәннің қоғам талабына сай дамуы мен бағалануына қол жеткізеді.

Заманның қарқынды дамуына байланысты білім беру жүйесінің алдында жаңа міндеттер жіктеліп отыр. Ол-осы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы берілетін білімді игеретін білімгер тұлғасын қалыптастыру. Оларды дайындау үшін бүгінгі бар дидактикалық мүмкіндіктерді, жаңашыл әдіс-тәсілдерді, идеяларды мүмкіндігінше кеңінен пайдаланған дұрыс.

Ең алдымен “технология” терминіне түсінік беріп алайық. “Технология” гректің “techne”-өнер, шеберлік бірліктің және “logos”-ғылым сөзінен шықкан екен. Ендеше технология-бұл: “Белгілі бір өнімді шығарғанда, соны шығару мен өндеудің жағдайларын, қасиетін, түрін, формасын өзгерту шеберлігі мен біліктілік өнерінің коспа бірлігі”. Енді осы терминді біздің білім беру саласына қарай аударатын болсақ, бұл терминнің жаңа үш мазмұны келіп шығады, олар: “педагогикалық технология”, “білім беру технологиясы”, “окып, үйрену технологиясы”.[2]

Негізінен, бізге әдебиеттерден: дамыта оқыту технологиясы; модульдік оқыту технологиясы; ірі блоктік оқыту технологиясы; перспективалық-озық оқыту технологиясы; мәселең оқыту технологиясы; ойын арқылы оқыту технологиясы; оқу материалының сызбалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіп оқыту технологиясы; жекелеп оқыту технологиясы; сынып ішіндегі саралап оқыту технологиясы; дебат (ой бөліс) оқыту технологиясы; педагогикалық технологиясы; т.б.

Қазіргі кезде білім беру үрдісінде елуден астам әр түрлі технологиялар пайдаланып жүргендігі туралы ақпарат белгілі.

Оқыту практикасында деңгейлеп оқыту технологиясы үлкен мақсатты қөздейді.

- әрбір оқушыға өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін оқу материалын менгеруді қамтамасыз ету;
- оқушының ойлау, елеестету есте сактау дағдысын дамыту;
- оқушының белсенділігін, білім сапасын көтеру;
- әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік беру;
- оқушыға ең тәменгі деңгейдегі тапсырманы орындаپ, келесі деңгейге көшіп, өз қабілетіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасау т.б.

Деңгейлеп оқыту әдісі біздің колледже кеңінен колданып жүрген әдістердің бірі. Оқыту бірнеше деңгейде еткізіледі.

Бірінші оқу деңгейінде оқушы жаңа материалдың тақырыбын түсінуге арналған тапсырмаларды орындауды.

Алгоритмдік деңгейде өткен материалдармен салыстыра отырып, жаңа материалдың өзіндік ерекшелігін тануға жетелейді және өткен материалды еске түсіріп, жаңа тақырыпты тереңірек менгеруге арналады.

Ізденимдік деңгейде оқушы өзіндік ізденисі арқылы жаңа материалдың қыр-сырын тануға арналған материалды менгереді. Білімгердің алдына проблемалық мәселе қойылып, оны өздігінен шешуге арналған тапсырмалар беріледі.

Ең жоғары шығармашылық деңгейде білімгер жасампаздық жұмыспен айналысады. Өз бетінше шығармашылықпен айналысады. Қоғамдық пәндерді оқыту барысында деңгейлеп оқыту технологиясы дәріс барысында, жаңа тақырыпты менгеру барысында кеңінен колданылады.[3]

М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- оқыту материалдарын белгілі бір жүйеге келтіріп, тірек-сызба арқылы түсіндіріледі;
- жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту, еске түсіру, кайталау және алған білімдерін өмірде қолдана білу дағдылары қалыптасады;
- оқушылардың білімге қызығуы және бірлесе отырып жұмыс жүргізу үрдісінде ұйымшылдығы артады;

- оқушылар бұрыннан алған білімдерін терендетуге мүкіндік алады;
- оқушылар алған, жинақтаған білімдерін қорыта келіп, өз бетімен шығармашылық түрғыда зерттеу жұмысын жасауға дағдаланады.

Оқытудың әртүрлі инновациялық технологиялары оку процесіне еніп отыр. Әрбір технология өзіндік жана әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай оқытушы өз ізденісі арқылы жеке студенттің қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес ірікten пайдаланылады.

Соның бірі Джордж Соростон «Оку мен жазу арқылы сын түрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Бұл технологияның тиімділігі біріккен іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, студенттердің сын түрғысынан ойлау мен жазу дағдысын қалыптастыру. «Сын түрғысынан ойлауды дамыту ол сынау емес, шындалған ой. Білімгер өз ойын сын түрғысынан ойлаап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кенейтеді, еркін ойлай отырып, келекеле түсіндіргеннен гөрі, ізденімпаздық пен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады.

«Сын түрғысынан ойлауды дамыту» - оқушылардың терең ойлау, сынап ойлау деңгейіне жеткізетін шындалған ойлау әрекетін қоғамдық-гуманитарлық пәндерде пайдалану өте тиімді. Бұл бағдарламаның ғылыми негізінде Ж.Пиаже, Д.Дьюй, Л.С. Выготский еңбектері алынған.[4]

Д.Дьюй ілімдері төмөнделегілерді негізге алады.

- Балаға жоғарыдан қысым көрсетудің орнына оны дамыған тұлға ретінде қалыптастыру.
- Оқытушы білімгерге дайын білім емес, сол білімді өз бетінше оқып-үйрену жолдарын көрсетуі қажет.
- Оқытушы білімгердің бойында ерік пен өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру.
- Оқытушы мен білімгер қарым-қатынасы адамгершілікке, гуманизм мен ынтымактастыққа негізделуі керек.

Сыни түрғыда ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой-толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі бұрынғы билетін және жана білімді ұштастырудан құралады. Үйренуш жана ұйымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жана ақпаратпен толықтырады, кенейтей түседі. Осы кезеңде «миға шабуыл», «топтау», «түртіп алу», «жұпта талқылау», «болжау», «әлемді шарлау» сияқты элементтер қолданылады. Қызығушылықты ояту кезеңінің тағы бір мақсаты- білім алушының белсенділігін арттыру. Білімгер өз билетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көшірмесімен бөліседі, топта талқылайды. Осылайша шындалған ойға бірте-бірте қадам жылжиды. Білімгер бұл кезеңде жана білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

Мағынаны ажырату. Бұл кезеңде білімгер тақырып бойынша жұмыс істеп, тапсырмалар орындаиды. Бұл жерде көмек беретін INSERT жүйесі. Ол бойынша тақырыппен танысу барысында белгілер қойып отырып білімді жүйелейді.

V- білемін	- мен үшін түсініксіз	+ мен үшін жана ақпарат	? мені таң қалдырады

INSERT- оқығаннан түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіргүе үйрететін ұтымды құрал.

Ой - толғаныс. Бұл технологияның үшінші кезеңі. Білімгерлер өз ойларын, өздері байқаған ақпаратты өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда білімгерлер әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, кателерін тауып үйренеді. Осы кезеңде тиімді етуге лайықталған «Вenn диаграммасы», «Еркін жазу», «Т кестесі», «Эссе» галереяны шарлау сияқты технологиялар колдану өте тиімді. Сыни түрғыда ойлау технологиясы 60 жуық әдіс-тәсілдерден тұрады.

Оның әрқайсысын болса да қоғамдық пәндерді оқыту барысында тиімді пайдалануға болады. Сыни тұрғыда ойлау технологиясын пайдаланып өткізген сабактар дәстүрлі сабактарға қарағанда он өзгерістер береді, білімгерлердің пәнге қызығушылығын оятады, білім сапасын көтереді.[5]

Қоғамдық пәндерді оқыту барысында кеңінен қолданылатыны оқытуудың интерактивті әдістері. Соның ішінде: топтық жұмыс, ой шабуылы, релдік ойын, сарапшы топтардың пікірталасы, жоба жасау, сұхбат, интерактивті такта, презентация, слайдтар, әртүрлі көмекші құралдар т.б. Міне бұл әдістерді қолданғанда білімгерлер мейлінше белсендердің танытады, сол себептен әдістер де интерактивті болып табылады. Егер де сабак үстінде білімгерлер мен оқытушылардың арасында тығыз қарым-қатынас байкаласа, онда оқытууды біз интерактивті деп атайдыз. Әдетте, мұндай қатынас білімгерлер әлдебір мәселені талқыладап, соның шешімін табуға тырысқан кезде байкалады. Бұл жерде білімгерлердің жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Себебі, интерактивті оқытуудың басты мақсатының өзі сол білімгерлердің өз бетінше ой қорытып, жауап таратуға үйрету. Білім берудегі интерактивті технология бірін-бірі толыктыратын және барлық оқушылардың қатысуын қадағалайтын, ұйымдастыратын оқыту технологиясы.

Интерактивті технология әдісімен оқығанда білімгерлердің

- еркін ойлауына мүмкіндік беріледі;
- жан- жақты ізденушілігін арттырады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
- шығармашылық белсендердің арттырады;
- ақыл-ойын дамытады;
- тіл байлығын жетілдіреді.

Интерактивті технологияның жеделдетіп дамуына байланысты тақтаның түрлері де, оның типтері күннен күнге даму үстінде.

Жаңа технологияларды менгеру білімгерді интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көнтеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оку-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабакта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі менгеріледі. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта еркениетті елдердің жоғары технологиясын менгерту, дуниежүзілік білім кеңістігіне шыгу- бүгінгі күннің мақсаты.

#### ӘДЕБІЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, Астана, 2004.
- 2 Нұрахметова Н.Н. «Оқыту технологиялары», 2005 .
- 3 Битибаева К.О. Эффективные методы обучения. Алматы, 1997.
- 4 Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқуды, жазуды дамыту технологиясының әдістемесі, Алматы, 2004 ж.
- 5 Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2003.

УДК 614.1

М.А. Сыдыкбекова

*К.п.н., психолог МЦЗ «ДОС», г. Талдыкорган*

## ОПЫТ РАБОТЫ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ ЗДОРОВЬЯ В КАЗАХСТАНЕ

Жастар арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау жұмысын атқаруда жастар денсаулығын сактау орталыктардың атқаратын рөл жан-жақты талданған. Бұл мәселені шешу жолында аса маңызды саты болып табылатыны туралы айтылған. Және де, қоғамның барлық күшін жастар арасында салауатты өмір салтын насиҳаттау жұмысына бағыттауды, барлық әлеуметтік-экономикалық салалармен тығыз байланыстырып жүргізген жөн деп есептейді автор.

This article takes a close look at the activities of youth centers, their further development and improvement, use of effective methods to preserve psychological and reproductive health of teenagers (sexual harassment, unplanned pregnancy, STD, and HIV).

Казахстан, созиная свою государственную независимость, утверждает себя демократическим, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. Однако сегодня в обществе сложилась противоречивая ситуация, ухудшились демографические показатели, снизились рождаемость, естественный прирост населения, возрос уровень заболеваемости и смертности. Особую тревогу вызывает здоровье подростков и молодежи. Более 2 млн. детей и подростков состоят на диспансерном учете по поводу хронических заболеваний. Основная причина ухудшения состояния здоровья молодежи - это резкое снижение морально-духовного состояния подростков и молодежи, низкая санитарная культура, отсутствие элементарных гигиенических навыков и безответственное отношение к своему здоровью.

Статистические данные 2009-2011г.г. Национального Центра формирования здорового образа жизни показывают, что в Казахстане 40% подростков курят, 30% употребляют алкоголь, 17 процентов употребляют наркотические вещества, 41% вступают в ранние половые контакты, в десятки, раз возросло количество родов и абортов, венерических заболеваний и ВИЧ инфекций. Возросло число детей и подростков групп высокого медико-социального и биологического риска. Хотелось отметить, что неустойчивая психика, незнание многих бытовых вопросов, медленная адаптация к меняющимся социально-экономическим условиям, проблемы в сексуальных отношениях, отсутствие опыта поведения в конфликтных ситуациях – все эти факторы, способствуют к развитию внутреннего конфликта, эмоциональных срывов и неадекватного поведения у подростков и молодежи. Именно в этом возрасте влияние неблагоприятных факторов внешней и окружающей среды влечет за собой особенно неблагополучные последствия – ранние abortionы, бесплодие, половые инфекции.

В Казахстане к настоящему моменту во всех областных центрах открыты центры медико-психологической службы, которые оказывают медицинскую, психологическую и социальную помощь подросткам и молодым людям. Созданная система качественных и доброжелательных медико-психологического-социальных услуг для подростков и молодежи стали важнейшим шагом к осуществлению приоритетов и задач, определенных Правительством РК для защиты подрастающего поколения, а именно:

- Укрепление здоровья и благополучия детей и подростков;
- Профилактика нежелательной беременности в подростковом возрасте и оказание адекватной поддержки несовершеннолетним матерям;
- Профилактика и контроль ВИЧ и СПИДа и ИППП среди подростков;
- Профилактика злоупотребления психоактивными веществами;
- Предотвращение злоупотреблений в отношении сверстников и проявлений насилия среди подростков.

В 2004 году при поддержке Детского фонда ООН была впервые создана в г. Астане медико-психологическая служба "Молодежный центр здоровья «Демеу». В течение шести лет работы молодежного центра здоровья был накоплен большой и значительный опыт работы с подростками и молодежью, он стал своего рода «ресурсным центром» для центров, открывающихся в других городах Казахстана. 19 октября 2006 года Министерство здравоохранения издает приказ № 491 «О внедрении услуг дружественных молодежи». В данном приказе указано, что в 16 областных центрах открываются Молодежные центры здоровья, которые должны оказывать консультативную, лечебно-профилактическую помощь подросткам и молодежи. Основными задачами и целями МЦЗ предусматривается:

- Консультирование по вопросам планирования семьи; ознакомление подростков и молодежи с современными средствами и методами контрацепции, показаниями и противопоказаниями к их применению, консультирование и динамичное наблюдение за пациентами, особенно в случаях возникновения побочных эффектов и осложнений на фоне использования средств контрацепции.
- Консультирование по всем вопросам полового созревания, безопасных сексуальных отношений, предупреждение нежелательной беременности, ИППП, ВИЧ – инфекции.
- Медико-психологическое консультирование подростков по проблемам общего психического здоровья, сексуальных отношений в подростковом возрасте; медико-психологическая коррекция нарушений всех видов поведения подростков; проведение индивидуальных и групповых психологических тренингов с подростками и молодежи
- Лечебно-диагностическая деятельность осуществляется путем организации индивидуальных приемов подростков, обращающихся в МЦЗ самостоятельно или по направлению специалистов других ЛПО. Все лечебно-диагностические мероприятия с подростками проводятся в строгом соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Молодежные центры здоровья осуществляют свою деятельность в социальном и учебно-методическом направлении:

- Оказывают помощь подросткам и молодежи которые оказались в трудной кризисной ситуации, касающейся их репродуктивного здоровья (сексуальное насилие, нежелательная беременность, ИППП, ВИЧ –инфекция и т.д.).
- Взаимодействует с социальными педагогами и психологами образовательных организаций.
- Сотрудничают с психолого-педагогическими, медико-социальными центрами и органами социальной защиты.
- Проводят в семинары, тренинги, конференции, круглые столы, встречи, индивидуальные консультации для родителей подростков, педагогов, социальных работников, медицинского персонала и психологов образовательных и лечебно-диагностических организаций города и регионов.
- Активно сотрудничают и привлекают к совместной работе волонтеров, а также представителей молодежных и общественных организаций, социальных служб,

средства массовой информации по профилактике здорового образа жизни среди подростков и молодежи;

- Готовят информационные и методические материалы для населения, специалистов ЛПО, работников образовательных учреждений.

В своей деятельности МЦЗ используют эффективные технологии, направленные на сохранение здоровья, снижение рискованного поведения среди подростков, социальное сопровождение и защиту их прав на основе принципов доброжелательности, доступности, добровольности, доверия и конфиденциальности.

Важным направлением работы специалистов МЦЗ является оказание помощи подросткам и молодежи оказавшимся в трудной жизненной ситуации. За эти годы тем или иным вопросам к специалистам обратились десятки тысяч абонентов. В центре действует телефон доверия, куда могут позвонить подростки которые оказались в сложной психологической ситуации. Повод обращения подростков и молодежи в центр это развод родителей, детско-родительские отношения, нежелательная беременность, плохие взаимоотношения со сверстниками и учителями, контрацепция, ИППП, ВИЧ-инфекции.

Молодежные центры здоровья за свой короткий опыт работы показали себя только с хорошей стороны. Для повышения качества жизни, сохранения и восстановления трудоспособности и активного долголетия среди подрастающего поколения необходимо продолжить развитие и усовершенствования в данном направлении, а именно:

1. Разработать проект «О медико-психологово-социальной работе с несовершеннолетними детьми и подростками»;
2. Модернизировать систему подготовки кадров Молодежных центров здоровья, которые будут владеть методиками предупреждения и коррекции в поведения, а также учет возрастных особенностей заболеваемости и развития, проводить консультации по формированию здорового образа у подростков и молодежи;
3. Обеспечить научно-методической литературой Молодежные центры здоровья, где даны подробные рекомендации по оказанию медико-психологической помощи подросткам и молодежи;
4. Развивать волонтерские движения среди молодежи по здоровому образу жизни;
5. Развивать и усовершенствовать систему профилактики, создать комплекс мероприятий, направленных на формирование у молодежи стойких взглядов на здоровый образ жизни и твердое неприятие к пагубным привычкам;
6. Ежегодно проводить молодежные форумы, конкурсы - агитбригад и теледебаты по здоровому образу жизни;
7. Привлекать молодежь к движению здорового образа жизни: «Здоровая молодежь - здоровое поколение»;
8. Создать в районных центрах медико-психологические службы.

Таким образом, развитие и усовершенствование системы Молодежных центров здоровья в Казахстане помогут искоренить в обществе все негативные сложившиеся ситуации, а также пропагандировать и проводить профилактические мероприятия по охране репродуктивного здоровья, соматического и психологического здоровья подрастающего поколения.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Организация молодежных центров здоровья в Казахстане. Методические рекомендации / К.А.Тулебаев, Ш.Е. Коржаубаева, Д.К.Рахимбекова, Э.М.Шакаралиева. Алматы. – 2009. - 50с.

2. Приказ Мз РК от 19 октября 2006г № 491 «О внедрении услуг, дружественных к молодежи»;
3. Проблемы подросткового возраста (избранные главы) /Под редакцией А.А.Баранова, Л.А. Щеплягиной. – М., РАМН, Союз педиатров России, Центр информации и обучения, 2003.- 408.
4. Оказание медико-психологической помощи детям и подросткам в педиатрических амбулаторно-поликлинических учреждениях: Пособие для врачей. – М.: МЗР, 2002.

**ИСТОРИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ**

УДК 355/359 (574)

**Б.Ш. Шаяхметов, М.С. Қанғалаков**

*I.Жансугиров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ**

Статья посвящена истории развития военного искусства казахского народа. Приводятся исторические данные о структуре военных формирований, тактике ведения боя. Излагаются военное обмундирование и вооружение воина.

Developing military art of Kazakh citizens. About the tactics of leading attacks and using different kinds of arms in attack.

Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы XV- XVII ғ.ғ. кезеңінде болды. Ал Қазақ хандығының Қазақстан жерінде пайда болуы XIV-XV ғғ. Осы кездे қазақ ханының әскери күш күшіне түсті. Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазбасы бойынша Қасым хан тұсында атты әскер саны 300 мың болған. Қазақ хандығында әскери адамдар карудың 5 түрін қолданған (найза, садақ, қылыщ, сауыт-сайман, қалқан). Қазақ хандығында тұракты әскерлер төлеңгітер болған. Төлеңгітер ханың жасағы болған. Олар жұздіктер, мыңдықтар т.б. болып белгілі. Қазақ хандығының тұракты әскерлері болмаған. Соғыс кезінде руларына әскерлер жинаған. Соғыс біткен соң әскер тайпаларға тарап кетеді. 1643 ж. Орбұлак тубінде Жәнгер хан 600 жанкешті атты әскерін шығарып, Жонғарлардың 70 мың әскерін Самарқан билеушісі Жалаңтөстің 20 мың әскерімен біргіп тас-талқанын шығарды.

Біздің халқымыз уш мың жылдан аса тарихы мен мәдениеті бар халық. X ғасырда – сактар (скиф) б.з.д.), IV ғасырда – ғұндар (хундар). Біздің заманымыздағы V-VI ғасырда түріктер деген атпен енген бүгінгі қазактар – сактардың, ғұндардың, түріктердің, қыпшақтардың даңқты әскери-тариҳының төл мұрагері. Қазақ халқының әскери тарихының кезеңдеріне токталсак:

**Бірінші кезеңі** – сактардың (б.з.д.) 529 жылы парсы патшасы Кирдіженеуі, (б.з.д.) 512 жылы Дарийдің талқандауы, (б.з.д.) 330-328 жылы А.Македонскийдің әскеріне мықтап тойтарыс беруі.

**Екінші кезеңі** – ғұндар империясы Н.А.Аристовтың айтуы бойынша, ғұндар тайпасына қыпшақ, қаңлы, үйсіндер және Жетісудан ығысқан сактар жатады екен. Қытай қорғаны ғұндардан қорғану үшін бірнеше женілістерден соң (б.з.д.) 207 жылы салына бастағаны тарихтан мәлім. Еуропаға жеткен ғұндар патшасы Атилланың 451 жылы Римге шабуылынан кейін көп ұзамай Рим империясының құлауы ғұндардың әскери өнердегі қуаттылығын көрсетеді.

**Үшінші кезеңі** – Түріктер империясы. VI-VIII ғасыр Күлтегіннің ескерткіші арқылы өздерінің ата-бабасы Бумын Қаған, Истеми Қаған туралы мағлұматтар береді.

**Төртінші кезеңі** – Шыңғыс хан империясының құрамындағы қазақ тайпа, руларының соғыс өнерлері туралы қытай тарихшысы Юань-Шидің айтуы бойынша: Қолбасы Сүбедей 1224 жылы Руске жасаған жорыктан қайтқан соң, меркігітер, наймандар, керейлер, қаңлылар, қыпшақтардан ерекше корпус құруды ұсынған, Шыңғыс хан мұны макұлдаған.

**Бесінші кезеңі** – Қазақ хандарының XV ғасырда құрылуы, Керей, Жәнібектің қазақ мемлекеттің қалыптастыруы, XVI – XVII ғасырдағы қазақ-жонғар соғысы, жонғарлармен соғыстағы женістерге жеткізген әскери-өнердің жетістіктері.

**Қазақтың әскери құрылымы, түрлері**

Көшпелілердің әскери-ұйымдастыру құрылымдары аңшылық ұжымдық негізінде, тәжірибе жинақтау арқылы құрылған. Мұны тарихшылар мен зерттеушілер әскери құрылымдар қаумалап, аң аулаудан бастау алып, мәдени-шаруашылық топтасу арқылы басшы, аңшы, жинаушы негізінде құрылғанын жазады. Өйткені көшпелілер аңшылық (орманшы көшпелілер), малишылықпен (далалық көшпелілер) айналысып, негізгі асы - ет болды. Сондықтан аңшылық ұжымдық қоғамға әлеуметтік-экономикалық қажеттілік арқылы, соның әсерінен көшпелілердің әскери өнерінің калыптасуына әсер етті. Яғни, қаумалап аң аулау көшпелілер қоғамында әскери-әлеуметтік шаруашылық аңшылық-институты бола отырып, әскери жүйелер калыптасты. Сөзіміз дәлелді болу үшін төмендегідей мысалдар келтірейік:

1. Аңшылыққа көп адам қатысады.
2. Аңшылықтың қағидасы - негізден әскери негізге ауысуга мүмкіндік береді. Аңшының мақсаты – басып алу, тірі жібермеу, көзін жою. Осы аңшылық ұжымдық – ұйымдастыру формасы XX ғасырдың 20-жылдарына дейін сақталған. Мысалы, буряттардың аңшылық тобының түрлері: зәкәтә ба - 300 адам, хайдак - 300-ге дейін, хушууто аба - 500 адам, галшата аба - 1000 адамдай қатысқан. Осы сөздердің ішіндегі «аба» сөзі – қаумалау, есік түрікше «аңшылық» деген мағынаны береді. [Қазақстан тарихы (V-XV ғғ.) 1995ж.]

#### **Мұның иерархилық сатысы:**

1. Негізгі жалпы қатысушы аңшылар – абынзор деп атайды, бұл 20 адамнан құрылған екі топ. Басшысын «малағай» деп атайды.
2. Аң аулау шекарасымен аңшылардың ара қашықтыкты қадағалаушы «захул» болады.
3. «Газдарша» он, сол қапталдардың командирі (Гар-бар-яша).
4. «Топша» аңшылық жүйені бағыттаушы жүйенің командирі.
5. «Галша» - аңшылықтың басшысы.

Дәл осылай топтасып ұйымдашу арқылы қаумалап аң аулау арқылы алдын ала басшылық ұйымдастыру шараларымен нәтижеге жетіп отырған. Көшпелілер сияқты қазактар да осы негізде әскери қоғамы мен өнері, әскери құрылымдарының түрлері калыптасқан:

10000 – Тұменбасы  
1000 – Мынбасы  
100 – Жұзбасы  
10 – Онбасы

Мұндай әскери құрылымдар көктүріктер заманынан бастау алады. Бұл құрылымды көшпелілердің барлығы қолданды десе де болады. Оған көтеп мысал келтіруге болады. Шыңғыс ханның, Әмір-Темірдің әскерінде құрылымдар да осындай болып келеді. Соғыс ісінің нағыз мамандары қазақ батырлары болған. Батырлық әскери институттың негізгі бағыттаушысы болып табылды. Сондықтан батыр, билердің кезқарастарымен хан санасып отырған. Тәуке ханның он қолы найманның Садыр руынан шыққан Алдияр батыр болған. Батырлар ханның әскери және саяси кенесшілерінің міндетін аткарды.

#### **Қазақтың әскери тактикасы**

Көшпенділердің әскери тактикасының негізгі қағидасының бірі - тұтқылдан шешімді шабуылға шығу. Бұл шабуылды негізінде түнде немесе таң ата қарсыластың күтпеген уақытында жасаған. «Казахи старались нападать на противника ночью или на рассвете, т.е. в такое время, когда они не ожидали атаки» (Н.Рязанов, 1924 жыл). Бұл шабуыл сақтар заманында «тұлғама» (айналдыра коршаша, қарату), жонғарлармен соғыс кезінде «Ай қорған» және «Қоян қашты» деп аталды. Мұндай ұсақ шабуылдар жау әскерлерін үнемі үрейлендіріп отырған және өздері ұстаптай тез арада ұрыс даласынан кетіп қалатын. Г.Семенюк: «Возможно поэтому казахи-кочевники наиболее эффективно действовали хорошо организованными отрядами. Особенностью казахской военной тактики были быстрота и внезапность атаки, стремительный, короткий бой» деп сипаттайды.

Қазактар ұрысқа шыққанда күндіз - түні өздері арнайы парольдар қолданған, аңын, құстың дыбыстарын салған. Түнде арнайы төбелерге от жағу аркылы жау туралы хабар таратқан. Отты қөрген адам ауылға хабарлап, ауыл тез қауіпсіз жерге көшкен, оны қазактар «ұран от» деп атаған.

Сонымен катар, тактика-психикалық әдістерге айқай, шудан басқа жаудың мысын басатын және рухтандыру мақсатында әр батырдың айқайлас қолданатын, күш алатын ұраны болған. Мысалы, қыпшактар «Ойбос» (Қобыланды ұрпағы), наймандар «Қаптағаш», Абылай хан (Әбілмәнсүр) Абылай бабасын ұран еткен. Қазақта жау басқанда, қауіп тенген кезде әскерін көтеретін дабылдары болған. Соның ішінде ең көп қолданатыны «Аттан» дабылы.

«Крик «Ат-тан» - дейді Фон Герн, - действует на казаха магически. Всякий казах считает себя обязанным немедленно схватить оружие, какое попадается под руку, сесть на коня, всегда находящегося около юрты, и скакать по направлению крика...».

Түркі-монголдық сенім-нанымдар бойынша «ту» әскери рухты көтеретін әскердің сақтаушысы саналған. Сондықтан казактарда рухты көтеру мақсатында Тудың (байрактың) ролі күшті, күш беруші болған. Жонғар-қазак соғысы кезінде Абылай ханың Тұын Олжабай батыр ұстаған. Бұл жөнінде

*Түріктег асарлап аулаган  
Жауды қоршап, иіріп жаулаган.  
Ту етіп бөрілі байрақ көтерген*

«Бөрі басы ұраным – бөрілі менің байрагым», – деп, Сүйінбай жырлаған. Жоғарыда көрсетілген иіріп, қаумалап, қоршау тәсілін қолданған казактар көптеген женіске жеткен. Мысалы, 1643 жылдың қыста Жәнгір хан 600 сарбазын Жонғар қонтайшысы Батураның 50000 әскеріне қарсы бағыттаған. Қашып келіп тау ішіне кіргізіп алғып, қоршауға түскен жонғар әскері шығынға ұшырып, қашып құтылған. Бұл тарихи оқиға «Орбұлак шайқасы» деген атпен белгілі. Осы шайқастан кейін Жәнгір ханды ел Салқам Жәнгір, яғни өткір деген мағынада атап кеткен. Осындағы әскери тактикалық әдісті Ұлы Отан соғысы кезінде Б.Момышұлы батальоны қолданған. Ол Матренино станциясы үшін шайқаста неміс-фашистеріңің 400 әскерінен өзінің 120 солдатымен қашып, орманға жасырып, қайта шабуыл жасап женіске жеткен (Б.Момышұлы. II том. 159-164 беттер). [История военного искусства под ред. генерал-лейтенант П.А. Жилин, М.: Воениздат, 1986.]

### Қазактың қару-жарагы

Эпостық жырларда «бес қаруын асыныш» деген жолдар жиі кездеседі. Сол бес қаруға садак-жебе, қылыш, найза-айбалта, курзі (шокпар) жатады. Бұл қарулар эпостық жырлардан басқа тарихи қазбалардан табылған заттардан белгілі, зерттеушілер мен шетел саяхатшылардың енбектерімен дәлелденген. Соның ішінде ағылшын Дж.Кэтли қазактың садағының өлшемі 120-130 см деп суретін салып қалдырған. Мұны сактардың қазбаларынан табылған садактың өлшемі нақтылай түседі. Осындағы садактар ғұндарда – 4, ежелгі түріктерде – 7, енисей қырғыздарында, қимактарда – 4 түрі болғанын ғалым Ю.С.Хуляков айтады.

**Жебе** – қазактың оқ-жебелері 4 түрлі болған. Ш.Уәлиханов қазақ жебелерінің ұшы екі, үш, төрт қырлы болатынын айтып, өз енбектерінде оның суретін салған, екі қырлы аңшылық, төрт қырлы сауыт бұзар деп аталған екен. Осында 33 жебе (СЭМ) Санк-Петербургте сактаулы. Эпостық жырларда кездесетін сүр жебе, көк жебе, сары жебелерді ұрыста қорғаныс киіміне байланысты қолданған. Жебе көбіне қайын, адырна, қамыстан жасалған.

**Найза** – эпостық жырлардағы қазактың найзасының 13 түрі бар екен. XIX ғасырдағы найзаның өлшемі 190-195 см болыпты. Найзамен қазактың ұрыс жүргізу тәсілдерін саяхатшы Т.Аткинсон Хан Кенесарының көтерілісіне катысады бір жауынгердің көрсеткен әдіс-тәсілдерін көріп былай дейді: «Имея хороших офицеров, (казахи) киргизы могли бы

составить лучшую кавалерию в мире. Им присущи все качества прославившегося в истории знаменитого полчища Чингис хана».



Қазақ батыры барлық қару жараптаратымен

**Балта** – эпос жырларында ақ балта, айбалта, ала балта, қара балта, Айыр шот, келте шот, балта шот түрлері кездеседі. Айбалтаның алғашқы үлгілері батыс пен шығыстың басқа елдерінде де кездеседі. Ежелгі Египет заманынан бері белгілі. Айбалтаның алғашқы үлгілері батыс пен шығыстың басқа елдерінде де Қалмақ батыры дес бермей, төртінші болып сайысқа шықкан Жәнібек ересен ерлік көрсетеді. Қалмақ батырының құлантай ұрган айбалтасын денесіне дарытпай, жұлып алып, «олай шаптайтын, былай шабады» деп ол алмасын жай түскендей жарқ еткізеді. (М. Қозыбаев, Жауды шаптым ту байлап) [1]

Айбалта жаңнан шешісп, басқа балта салысып, Одан жеңіп ала алмай, Күйлеп күрсі алысып, Құшіменен салысып, жайды қолға алысып, күшіген жұнді сұр жебе, кірісіне салысып, екі бөлек тұрысып, мылтық атып ұрысып. [2]

**Күрзі** – алмас күрзі, ағаш күрзі, тас шокпар, қол шокпарлар болған. Шынжырлы шар байланған шокпар 135 см, Санкт-Петербургте сақтаулы. Мұнан басқа қазактар қамшы, құрық сойылды да қару ретінде қолданған.

**Қылыш семсер** – ақ семсер, кек семсер, алдаспан деген түрлері болады. Семсер екі қырлы, тік болып келеді. Ал қылыштар имек болады. Ерекше сұранысқа ие болған түрі парсылықтар «исфахан» деп атайдын, ал казактарда «наркескен» деп атайдын түрі-қылыш.

**Қалқан** – дөңгелектеп ағаштан жасалып, іші киіз, сырты терімен көмкерілген. Қалқанның төрт бұрышты дөңгелек жарты цилиндр тәрізді жүрекше, астауша т.б. түрлерін қолданған. Қазактарда дөңгелек қалқан кең тараған. Бұларда қалқан көннен, қоладан, ағаштан жасалған [3].

**Мылтық** – казакта ату қаруы болмаған, ол тек сырттан алып келінген. Тек қазақ шеберлері өндеп, жаңаша ыңғайлас өзгертіп отырған. Мылтықтың алғашқы түрлері XV-XVII ғасырларда белгілі бола бастады. Оның шитті, бытыралы, білтелі, шұрпілі, опырмалы, косауыз, жекеауыз, көкберен т.б. түрлері бар. Осындай қазактың екі мылтығы Санкт-Петербургте сақтаулы [4].

Ш.Уәлиханов естеліктерінде қазактың мылтықтарының түрлерін көзкес, құлдыр, мамай деп жазып кеткен. Қазактың мылтығы 700 қадамнан атуға арналған. Сонымен, қазактың жақын ұрыстарға қолданатын қаруларын төмөндегідей топқа бөлуге болады.

1. Орташа кашықтыққа – найза;
2. Соккы қаруы – шокпар, күрзі;
3. Ұрып-шабу қаруы – балта, шот;
4. Шабу-сұғу қаруы – семсер, қылыш;



Ұрыска дайындық кезіндегі қару жараптары

5. Сұғу-тілу қаруы – пышақ, қанжар;
6. Ішкі-ұрыс қаруы – сойыл, құрық, қамшы.

Қазақтың қару-жараптарының бір бөлігі болып саналатын саут-саймандар біздің дәүрімізге дейінгі XIV-XI ғасырдан бастау алатын археологиялық қазбалардан белгілі. Негізінен, қазақтың сауыт-саймандары басқа көшпелітерімен ұқсас келеді. Олардың үш түрі белгілі:

1. Металл сиңықтарынан жасалғандар: көбе жалаңқат (көбе металл сиңықтарын елтірі беддеулері арқылы біріктіріп жасайтын сауыт).

2. Дөңгелек темір сиңықтарынан жасалғандар: кіреуке, зере сауыт, бадана.

3. Теріден жасалғандар: берен тон, қаттама.

Батырлар жырында көп кездесетін түрлөрі: көбе, торғауыт, жалаңқат, шарайна т.б.

**Берен** – (берен сауыт, женсіз берен, берен тон) калың терінің үстінен металл сиңықтары тігіліп жасалған. Сауыттың бұл түрін монғолдар «күяқ» деп атаған. Жалаңқат қыпшақтардың заманынан белгілі.

Кіреуке, зере сауыт, бадана дөңгелек темірдің сиңықтарынан тоқылған темір кеудеше десе болады. Қазақтың ең көп пайдаланған сауыты – бадана (бадана көзді ақ сауыт, берік сауыт, бадана көзді кіреуке). П. Винклер: «С начала XIII столетия с появлением и завоеванием татар последние передали нам и свои доспехи. Таким образом явились бадана бабехтерцы, каналантари и кусяки», - деп жазады.

Кең тараған ендігі бір сауыт - теріден жасалған қаттама, торғауыт тон (ок отпес тон, шолақ тон). Бас кімнің де үлкен мәні болған, мысалы – дұлыға «алтын қалпақ дұлыға, ақ дұлыға, құрама болат дұлыға». Батыс Қазақстан облысында «Сейсем-Ата» зираттарындағы құлпы тастандағы суреттерден дұлығаның түркі-монғол соғысында болғанын байқаймыз.

Белдіктер де қару-жарапты алып жүргүте пайдаланылған, оны «кісе» деп атаған.

Қазақтың негізгі әскери көлігі жылқы болған. «Ер қанаты - тұлпар»-деп, қазақ жылқысыз жүруді намыс көрген, қор санаған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1994, 192 б.
2. Манас Қ. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы. Қазақстан. 1994, 84 б.
3. Мағаун М. Қазақ тарихының әліппесі. - Алматы, Қазақстан, 1995-208 б.
4. Ақ орда. Әдеби - көркем журнал, 02.12.92 ж., Кенесары - Наурызбай (Нысанбай ақын дастаны) 17 б.
5. История военного искусства. – под ред. генерала-лейтенанта П.А. Жилина. – М.: Воениздат, 1986

**ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

## ӘОҚ 33.1/5

**А. Абрахманова**

*I.Жансугиров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.*

### **ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ**

Финансовое состояние - это важнейшая характеристика экономической деятельности предприятия во внешней среде. Оно определяет конкурентоспособность предприятия, его потенциал в деловом сотрудничестве, оценивает, в какой степени гарантированы экономические интересы самого предприятия и его партнеров по финансовым и другим отношениям.

Актуальность исследования и анализа организации и его социально-экономического аспекта в новых условиях определяется, прежде всего, продолжающимся становлением рыночной экономики, что в свою очередь требует перестройки форм и методов хозяйствования.

Financial condition - it is an important characteristic of the enterprise economic activity in the external environment. It determines the competitiveness of the company, its potential for business cooperation, assesses the extent in which the economic interests of the company and its partners are guaranteed for financial and other relationships.

The actuality of the research and analysis of the organization and its social and economic aspects in the new conditions is determined by the continuing emergence of a market economy that, in turn, requires a restructuring of the forms and methods of economic management.

Бухгалтерлік есеп жүйесі үйымдардағы активті қаржаттар мен менишкіті капитал, міндеттемелер мен алынған несие, негізгі құралдар мен материалды емес активтер, тауарлы-материалды құндылықтар, акша қаржаттары, есеп айырысудың жағдайы, алашақ-берешектермен есеп айырысу, өндірілген өнім, мұның өзіндік құны, түскен табыс, жұмсалған шығын, жалға беру мен алу, жылдық қорытынды есеп жасау, салықтың жекелеген түрлері бойынша есеп айырысу, инвестициялық қаржы салымы, үлес қосушылармен есеп айырысу дивиденттік төлемдер сияқты т.б. қозғалыстарды және осы жоғарыда айтылған есеп объектілерін бағалау кызметтерін атқарады. Сонымен қатар, осы жоғарыда көрсетілген бухгалтерлік есеп объектілері бойынша экономикалық және қаржылық талдау жасау, есеп ақпараттарын пайдаланушылардың талабын қанағаттандыру жұмыстары да атқарылады.

Бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізу үрдісі негізінен ресми қабылданған нұсқау ережелерге, тәжірибеде қолданылатын бухгалтерлік есепке тән теориялық принциптерге, баланстық тәсілге, бухгалтерлік есеп жүргізудің әдіснамаларына, бухгалтерлік есеп счеттерина негізделген. Бухгалтерлік есеп жүйесі бастапқы құжаттар жасаудан бастап бұларды жинақтап, тіркеу жөніндегі нақтылы мәліметтерді арнайы үлгідегі реестрлерге жазу, бас кітаптарға жазу, бұлардың негізінде жылдық баланстық қорытынды есеп жасаумен аяқталады. Есеп жүйесі тек қана бастапқы құжаттар негізінде және ақшалай өлшеммен жүргізіледі. Яғни әрбір құжатқа жазылып көрсетілетін мәліметтер үлгі пішімі мен мәтіні бар қағаздарға ақшалай өлшеммен жазылып қабылданған арнайы счеттарға түсіріледі. Бухгалтерлік есеп жүйесіне катаң талап койылып, бұл үрдіс арқылы бакылау мен тексеру, түгендеу мен бағалау, жинақтау мен талдау сияқты маңызы зор мәселелер зерделеніп отырады.

Бухгалтерлік есеп жүйесі үйымдардағы активті қаржаттар мен менишкіті капитал, міндеттемелер мен алынған несие, негізгі құралдар мен материалды емес активтер, тауарлы-материалды құндылықтар, акша қаржаттары, есеп айырысудың жағдайы, алашақ-берешектермен есеп айырысу, өндірілген өнім, мұның өзіндік құны, түскен табыс, жұмсалған шығын, жалға беру мен алу, жылдық қорытынды есеп жасау, салықтың

жекелеген түрлөрі бойынша есеп айрысу, инвестициялық қаржы салымы, үлес косушылармен есеп айрысу дивиденттік төлемдер сияқты т.б. қозғалыстарды және осы жоғарыда айтылған есеп объектілерін бағалау қызметтерін атқарады.

Еліміздегі бухгалтерлік есеп жүйесінің халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарына сай жүргізуіне байланысты, бухгалтерлік есеп жұмысының маңызы мен сипаты өзгеріске түседі. Бухгалтерлік есеп объектілерінің көпшілігі өзгеріске түсіп, негізгі құралдар мен күрделі қаржы игеру, жарғылық капитал, арнайы корлар, пайда мен шеккен зиян, т.б. есебін жүргізуін әдістемелік жолдары халықаралық стандарттарға сай есепке алынатын болды. Бухгалтерлік корытынды есеп жасаудың құрамы мен маңызы, тапсыру мерзімі, мұның өзінің қашан және кімге тапсырылатындығы жөніндегі өзгерістер халықаралық тәжірибеле сәйкестіріліп, корытынды есеп акпараттарын сыртқы пайдаланушылар үшін мүмкіндік туғызылды. Қолмен атқарылатын көптеген есеп жұмыстарының көлемі азайш, компьютерлік жүйемен атқарылатын болды. Сонымен қатар, бухгалтерлік есеп акпараттарын пайдаланушылар саны көбейш, есептің сапалы жасалуымен қатар есеп принциптерін қатаң сақтау жөніндегі әдістер мен амалдар кеңінен қолданылынып келеді.

Мұның барлығын да сапалы даярланған іс-тәжірибеден өткен кәсіби бухгалтерлер атқаратындығын, сондай-ақ бухгалтерлік қызмет атқарушы мамандар бухгалтерлік есеп үйымдастыруды жетілдірудің жолдарын белгілеуді, бақылау мен тексеруді, талдау мен ірешім қабылдауды мақсат тұтатындығы белгіл бола бастады.

Бухгалтерлік есепті үйымдастыру мен жетілдірудің түпкі мақсаты -қандай да үйымдар болмасын, бұлардың таза пайдамен жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен нарықтық қатынастар жөніндегі экономикалық зандаулыктарды сақтау болып табылады.

Осы жоғарыда қойылған үлкен дәрежедегі бухгалтерлік есепке тән үйымдастырушылық үрдісті жетілдіру үшін тәмендегідей кезеңді жұмыстар атқарылуы керек:

- 1) Бухгалтерлік есеп қызметін құқықтық тұрғыдан жетілдіру мен нормативтік заң актілерін кеңінен қолдану;
- 2) Бухгалтерлік есеп пен қорытынды есеп жөніндегі қабылданған бухгалтерлік есеп стандарттарын жетілдіріп, жаңадан жасалатын отандық бухгалтерлік есеп стандарттарын қалыптастыру. Осылан байланысты әдістемелік нұскаулар мен ережелер, сондай-ақ жетілдірілген есеп принциптерін бухгалтерлік есеп жүргізу тәжірибесінде сақтау;
- 3) Қаржылық және басқарушы есеп өрісін ажыратып, жалпы бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдірудің әрбір үйымдарға тән үйымдастыру бағытын белгілеу;
- 4) Бухгалтерлік есеп жүйесін үйымдастырудың тиімді бағытын пайымдау, мұның өзін менеджмент және маркетинг жөніндегі қабылданатын үйлесімді жолдармен сәйкестендіруді белгілей отырып, экономикалық талдау жұмысынын бағытын негіздеу;
- 5) Есеп пен есептеу жұмыстарын автоматтандыру мен компьютерлік технологияны кеңінен пайдаланыш, акпараттар ағынын шапшандату және пайдаланушылар талабын қанағаттандыру;
- 6) Үйымдардағы бухгалтерлік қызмет атқарушыларды кәсіби даярлау мен қайта даярлау, бұлардың кәсіби білімін жылдан-жылға жетілдіріп отыру.

Ендігі жерде осы жоғарыда айтылған бухгалтерлік есеп жұмысын ары қарай жетілдіруге байланысты қойылған талаптардың маңызына токталылған.

Елімізде қабылданған және мұның мазмұны іске асырылып келе жатқан бухгалтерлік есеп жөніндегі заң бухгалтерлік есеп жүйесінің зандаулығын негізде, бухгалтерлік есеп жүргізуін бағытын, есеп берудің жағдайын, есеп үрдісін үйымдастырудың негізі болып салынатындығын білген жөн. Кімде-кім болмасын есеп-кисап жұмысымен айналысадын тұлғалар бухгалтерлік есеп жөніндегі зандар мен нормативтік актілердің күнделікті басшылыққа алыш отыруы керек. Сонымен қатар шаруашылық субъектілерінің топтарға бөлінуі, бұлардың жіктелуі, менишкітін түрлері, акционерлік қоғам түрлері жөніндегі тиісті

зан актілерінің қойған талаптарын бухгалтерлік есеп жөніндегі замен байланыстыра білу қажет.

Нарықтық қатынастың қалыптасуы шаруашылық қызметін біртұтас кешенді талдауды ішкі (басқару) және сыртқы (қаржылық талдау) талдау деп бөлуді қажет етіп отыр. Талдаудың бұл түрлерінің әрқайсысының өзінің негізгі ақпараттық көздері бар.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, есеп берудің екі түрі бар: акционерлерді, қалың жүртшылдықты, банктерді, сондай-ақ сактандыру ұйымдары мен үкімет органдарын кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен оның қаржылық жағдайы және есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесімен таныстыру үшін қаржылық газеттер мен бюллетендерде, арнайы анықтамаларда басылып, шығатын қаржылық есеп беру. Сонымен қатар, көбіне, есепте субъектінің шаруашылық қызметін динамикада бейнелеп көрсетуге, даму бағыты мен оның алдыңғы кезеңдегі жағдайын болжауға мүмкіндік беретін біркатор жылдардың мәліметтерін жариялайды. Есеп берудің екінші түрі - басқару талдауы, бұл кәсіпорын шығаратын өнімдердің жеке түрлерінің өзіндік құнының нормативтері туралы, сондай-ақ сапасының тәмендігіне немесе тауардың мәлшерден тыыс шығарылып, өтпей қалуына байланысты мәліметтерден тұратын қатаң құпияландырылған, басқа тұлғалар үшін жабық есеп болып табылады. Ішкі есеп берудің ішіндегі жауапкершілік орталықтары мен пайда болу орындары бойынша шығындар сиякты жеке бөлімшелердің жұмыс нәтижелерін сипаттайтын маңызды есеп түрлері болады. Кәсіпорынның жеке бөлімшелеріндегі шаруашылық жүргізу деңгейін анықтау шығындар мен нәтижелерді салыстыру, кім қалай жұмыс істейтінің көргөзу мүмкіндік береді және енбекке акы төлеуде қандай да бір иесіздікі жояды. Ішкі талдау басқару есебі, ал сыртқы талдау қаржылық есеп негізінде жүргізіледі. Бүгінгі таңдағы нарыққа өту кезеңінде кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда жаңа амалдар қажет.

Соңғы кездері мерзімді баспасөздерде, сондай-ақ жеке басылымдарда қаржылық талдауды жүргізу бойынша біркатор әдістемелік ұсыныстар жарық көрді. Бұл енбектің авторлары кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның жекелей көрсеткіштерін талдаудың әр түрлі әдістемелерін ұсынып отыр. Бұл әдістемелердің көпишлігінде олардың маңызды ерекшелігі болып табылатын, кәсіпорынның қаржылық жағдайының біздің отандық тәжірибеде қолданылмаған жаңа көрсеткіштерінің жүйесін толық талдауда.

Ондаған жылдар бойы барлық басқару деңгейлерінде және кәсіпорынның өзінде пайдаланып келген қаржылық жағдайы талдаудың қалыптасқан әдісінің, шаруашылық жүргізудің әкімшілік жүйесінің жұмыс істеу жағдайында және негізінен орталықтандырылған көздерден қаржыландырылатын мемлекеттік менишк үшін, сондай-ақ уақытша тартылған қаражаттарды (тұракты пассивтер), айналым қаражаттарын және басқаларды мәлшерлеу мақсатында қолданылғаны түсінікті. Бұл жағдайлар шаруашылық жүргізудің тиімділігіне бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдауда кәсіпорынның дербестігін тежеп отырады және нарықтық қатынастар және кәсіпшілік қызметпен мұлдем үйлеспейді.

Бұрынғы қолданылып келген талдау әдістемесінде әр түрлі баптардың мәндерін, баланс бөлімі мен топтарының жиындарын олардың мәлшерлік көлемдерімен салыстыру, мәлшерден ауыткуын зерттеу, бұл ауытқулардың кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығына қалай әсер етуін зерттеу шешуші роль аткарды. Жаңа қаржылық есептің маңызды ерекшеліктерінің бірі - онда жоспарлық көрсеткіштер мен нормативтердің жоктығы болып табылады.

Нарық жағдайында қаржылық жоспарлау кәсіпорынға оның қызметі жөнінде көптеген параметрлерді сырттан бекітеп орталықтандырылған әкімшілік сипатты жояды. Ол, ең алдымен бәсекелестік нәтижесінде қарқынды өзгеріп отыратын нарықтық коньюнктура жағдайында өзінің хал-жағдайын нығайтуға ұмтылатын кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің икемді стратегиясы мен тактикасын жасауға қызмет етеді. Қаржылық қызметте нормативтерді пайдалану кәсіпорынның өз еркінде, сондықтан

нормативтер туралы акпараттар, коммерциялық құпияға айналады. Жоспарланған нормативтерден ауытқуды талдау, кәсіпорынның шкі талдауының құрамдас бөлігі болып табылады. Бухгалтерлік есеп беруге негізделген қаржылық жағдайды талдау, сыртқы талдау сипатына ие болады, яғни бұл кәсіпорынның қызметі туралы акпараттардың шектеулі бөлігінен тұратын есеп мәліметтерінегізінде осы кәсіпорынның мүдделі контрагенттерінің - меншік иесі немесе мемлекеттік органдардың берілген кәсіпорынның шегінде жүргізетін талдауы. Қаржылық жағдайды шкі талдау әдістемесі, әрбір кәсіпорын үшін тек потенциалды әріптестерін бағалау мақсатындаған емес, сонымен катар қаржылық есепті сыртқы пайдаланушылардың көзкарасы тұрғысынан алғандағы өзін-өзі бағалау үшін де жақет.

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті окудың негізгі ережелерін қалыптастырыды. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

- 1) көлденен талдау;
- 2) тікелей талдау;
- 3) трендтік талдау;
- 4) салыстырмалы талдау;
- 5) факторлық талдау;
- 6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

**Көлденен (уақытша) талдау** - есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

**Тікелей (құрылымдық) талдау** - әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигизетін әсерін айқындаі отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзак және ағымдағы активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және тағы басқалар.

Тікелей және көлденен талдаулар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондыктан да есептік бухгалтерлік үлгі құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жиі жасайды.

**Трендтік талдау** барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендтік талдау әрбір есеп позициясын бір қатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендті, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсок әсерлерінен тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

**Коэффициенттер** салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер кабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл - қатынастарды талдаудың ең киын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының шкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді мысалы, саладағы жалпы экономикалық жағдайлар, кәсіпорын басшылығының саясаты және басқалар. Қатынастарды үлкен байыптылықпен талдау

қажет, ейткені тек бір ғана фактор алымына да, бөліміне де әсер етуі мүмкін. Негізінен қатынас деңгейі өткен кезеңдегі, теориялық дәлелденген салалық қатынаспен салыстырылады. Қатынасты талдау болашаққа бейімделуі тиіс.

Қатынасты талдаудың ролін асыра бағалаудың да қажеті жоқ, себебі олардың әмбебап мәні болмайды және диагностика үшін индикатор болып табылмайды. Әлдеқайда терендептігендегі талдау, қатынас негізінде жасалған шешімдерді әрқашан қолдай бермейді, себебі олардың деңгейіне келесілер әсер етеді, жекелеген кәсіпорындардың ерекшеліктері орташа салалық мәліметтер.

Қаржылық талдауды салыстырмалы көрсеткіштер негізінде жүргізудің шетелдік тәжірибесін механикалық түрде көшіріп алу, көп жағдайда тиімсіз, себебі бұл жағдайда біздің кәсіпорындардың өз ерекшеліктеріне назар аударылмайды. Нәтижесінде бір көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы туралы берілген кеңестер кейбір кезде расталмайды. Дегенмен, қаржылық жағдайды талдау барысында салыстырмалы көрсеткіштерді зерттеу қажет болады, себебі ол болып жатқан жағдайларды түсінуге және де оларды тек ағымдағы мезетте ғана емес, сонымен қатар болашақта да дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстырылған және іскерлік белсенділік.

**Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау** - бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирмалардың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып тыйлады.

**Факторлық талдау** - бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар, факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде - тұра, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргендеге ол кері (синтез) болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар, қаржылық жағдайды талдауда экономикалық (элиминирлеу, баланстық үйлесу және тағы басқа), сондай-ақ экономикалық және математикалық статистиканың (топтау, орташа және салыстырмалы шама, графикалық және индекстік әдістер, корреляция, регрессия және тағы басқа) дәстүрлі тәсілдері колданылады. Белгілі бір экономикалық ғылым шегінде жасалған түрлі әдістер мен тәсілдерді іскерлікпен пайдалану кәсіпорынның қаржылық жағдайына терең талдау жасауға және шаруашылық субъектісінің қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, жағдайын жақсартуға байланысты ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аблевов Д.О. Анализ концепций формирования финансовой отчетности/ В кн.: Экономика Казахстана на пороге XXI века/ Под ред. д.э.н., проф. Н.К Мамырова. - Алматы; Экономика, 2008 .- стр. 825.
2. Аблевов Д.О. Система финансового контроля в условиях рыночной экономики/ В кн. Проблемы развития бухгалтерского учета и аудита в условиях адаптации к международным стандартам: Материалы междунар. конференции: Сб. Научных тарудов/ Под ред. д.э.н., проф. Н.К Мамырова. - Алматы; Экономика, 2008 .- стр. 825.
3. Кленнер Г.Б., Петросян Д.С. Оценка финансового состояния предприятия: Финансовые и бухгалтерские консультации. Контакт.- Инвест Фонд, 2005.-114с.
4. Ковалев А.И., Привалов В.П. Анализ финансового состояния предприятия. 3-е изд., перераб. и доп.- М: Центр экономики и маркетинга, 2010.-192с.

УДК 336.7

С.У. Абдибеков, магистрант А.С. Оразбаева

*I. Жансугиров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

## БАНК ҚЫЗМЕТИНДЕГІ ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІН ТИМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ

Мақалада автордың банк жүйесіндегі тәуекел-менеджменттің тиімді жактарын арттыруына байланысты ғылыми негіздегі ұсыныстары мен пікірлері жазылған. Сондай-ақ коммерциялық банктердің кәсіпкерлік қызметінде кездесетін тәуекелдің барлық түрлеріне назар аударып, жан-жақты карастырылған.

В этой статье автором описаны наиболее приемлемые направления в работе менеджмента банковской системы – мнения и предложения в повышении научного метода работы. И в то же время широко рассмотрены все виды рисковых операций коммерческой деятельности в банковской системе.

In this article was written by the author the most directions of manager bank system opinion and suggestion in the rise scientific method of working. And the same time wide considered all variety risk operation commercial activity in the system of bank.

Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе банк қызметінің тұрақтылығына байланысты. Республиканың банк жүйесі өзінің қарқынды дамуын әлі де жалғастыруды, өйткені банк қызметтері нарығының қалыптасу процесі жылдан-жылға көнешіп жетілуде, сондай-ақ жаңа операциялар, қызметтер мен технологиялар енгізілуде. Сондыктан банк жүйесінің алдында жаңа міндеттер мен басқа да максаттар тұр.

Банк жүйесі кез келген мемлекеттің шаруашылық жүргізетін нарық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге банк жүйесі өзі жұмыс істейтін негізгі принциптер айтарлықтай бұзылған жағдайда өзі де экономикалық тұрақсыздық көзіне айналуы мүмкін. Банктер жүргізетін барлық операциялар тәуекелмен байланысты. Банк қызметіндегі тәуекелдер өзінің атқарар қызметі бойынша экономика саласына жатады, алайда шаруашылық субъектілердің қызметіндегі тәуекелдермен салыстырғанда олардың айрықша ерекшеліктері бар. Банктердің сәтсіз операциялар немесе нашар менеджмент салдарынан шеккен шығындары оның қаржылық жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның абыройы мен беделіне нұксан келтіреді, сондай-ақ оның бизнестегі өріптестерінің мүдделеріне де кесірін тигізеді.

Әрине, банктер тәуекелдердің сан алуан түрлерінен қорғанудың түрлі тәсілдерін пайдаланады. Әлемдік тәжірибе тәуекелдерді төмендетудің және олардың алдын алудың барынша мүмкін әдістерін әзірледі, осыған қарамастан банктерге қаржы нарығының түрлі секторларында жұмыс істей отырып, көптеген тәуекелдермен беттесуге және шығындар мен кірістер алып келетін тәуекелдер арасында тандуа жасауға тұра келеді. Осы проблемаларға байланысты әр банкте тәуекелдерді басқарумен тікелей айналысадын функционалдық құрылым қалыптастыру қажеттілігі туындарды. Аталмыш құрылым қазіргі заманғы талаптарға сәйкес тәуекел-менеджменті деп аталады және банкке қаржы нарығының барлық секторында тиімді жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуді, сонымен бірге пайыздық ставкалардың өзгеруі, валюта бағамдарының төмендеуі, қарыз берушілердің банкроттығы және т.б. сияқты қындықтарды алдын ала уақытында болжап әрі оларға жол бермеуге тиіс.

Банктер ондаған жылдардан астам уақыт катаң нарық жағдайында жұмыс істейтін дамыған шет елдерде бәсекелес ортада тіршілік ету тәжірибесін бастаң кешірді, олардың тәуекелді басқару теориясы мен практикасының тарихы көп жылдармен есептеледі. Онда тәуекел-менеджменттің тиімді құрылымдары, оның ұғымдық, және құжаттық аппараты

қалыптасқан, нарықтағы сол немесе басқа оқиғаларға ден қоюдың айтарлықтай тәжірибесі жинақталған, осыған қарамастан несие мекемелерінің оқта-текте банкрот болуына тосқауыл бола алмайды және оларды сауықтыру жөнінде мемлекеттік және басқа да іс-шаралар жүргізіледі.[1]

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктарде тәуекел-менеджментті дамыту мен олардың жай-куйі жөніндегі қазіргі теориялық және практикалық ережелерді зерттеу тәуекел-менеджменті құрылымын ұйымдастыру әдістерінің толық жетілдірілмегендігін және жеткілікіз дамығанын аныктады. Екінші деңгейдегі банктардің тәуекел-менеджментінің қолданыстағы жүйесі ұйымдастыру және оның жұмысындағы кемшіліктерге байланысты заңнаманы бұзғаны үшін банктарге ұйғарымнамалар мен түрлі санкциялар табыс ету, кейбір ірі және белгі банктардің банкроттықка ұшырауы жатады. Сондықтан, тәуекел-менеджментінің құрылымын жоғарылату мен дамыту - банктардің ішкі бақылауының өте қажетті элементі болып табылады. Ол халықаралық талаптарға жауап беретін мықты әрі сенімді банктің қалыптасуына ықпал етуге тиіс. Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктарде тәуекел-менеджментінің қалыптасуының айта кетерлік ерекшелігі - оның менеджменттің ілім ретінде дамуымен және еліміздің нарықтық ақша-несие жүйесінің қалыптасуымен бір уақытта қалыптасып өркендеуі. Бұл ретте тәуекел-менеджменті жөніндегі мамандар өз қызметінде әлемдік тәжірибелін осы саладағы жетістіктерін барынша пайдаланады. Сонымен бірге даму және қалыптасу, тиімділікті жоғарылату процесі өз мәресіне әлі де болса жете қойған жок, ол банк қызметі қауіпсіздігін жеткіліксіз деңгейіне байланысты.[2]

Қазіргі заманғы банктар тәуекелдерді басқару жүйелерін қалыптастырганда біркатор кындықтармен кездеседі. Осы проблемаларды тәмендегі санаттар түрінде құрылымдарға бөлуте болады:

1. Ұйымдастыру проблемалары: банк акционерлері тараپынан тәуекел менеджментің маңызын (пайдалылықта баса назар аударуын, шетелдік тәжірибеле қарамастан біздің тарихымызда сол немесе басқа тәуекелдердің ықпал ету салдарынан акционерлер залал шеккен дағдарыстардың болмағанын) жеткіліксіз түсіну.

2. Кадр проблемалары: тәуекелдерді басқару саласында білікті қызметкерлердің болмауы тәуекел-менеджменттің құрылу тиімділігін айтарлықтай тәмендегеді, бұл жүргізілген мөлшерлік есептеулердің нақтылығы мен объективтілігіне әсер етеді.

3. Техникалық проблемалар нақты тарихи және талдау деректерінің болмауы немесе олардың қорытындыланбауы. Біздің экономика жағдайына бейімделген және бүкіл банк жүйесі шенберінде салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік беретін әдістемелердің болмауы. Тәуекел-менеджментті талдауда тәмендегі факторлар назарға алынады:

- банк басшылығы біліктілігін, басшылық жасау және әкімшілік ету қабілетін көрсетуге тиіс;
- банк басшылығы заңнаманы және белгіленген ішкі ережелерді, КР ҰБ тің және ҚҚА-ны, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсыныстарын сақтауға;
- банк басшылығы экономикалық ахуалдың өзгеруіне, банк ортасының өзгеруіне бейімделуін (тактика мен стратегияның оралымдылығын) көрсетуге тиіс;
- банк басшылығы тиісті ішкі жұмыс ережелерінің өзірленуі және олардың орындалуы үшін толықтай жауап беруге;
- банк басшылығы тәуекелдерді басқарудың тиісті біліктілігін қамтамасыз ету максатында қызметкерлерді оқытуға;
- банк басшылығы пайдакунем іс-әрекеттердің кез келген көрінісі, әсіресе банкпен ерекше қатынастар байланысты тұлғаларға женилдікпен қарыз беруге қатысты сынға ұшырайды.[3]

Кредиттік тәуекелдің шығу тегі ықтимал қарыз алушының кредит төлеу қабілеті, сондай-ақ оның өзіне алған міндеттемелерді орындауға жауапкершілікпен қарайтыны жөніндегі толық акпараттың болмауымен байланысты. Осы себептен кредит беруші

әрқашан ысырапқа тап болуы тәуекеліне бас тігеді. Аталмыш фактор тараптарға қалыптасқан жағдайдан пайда атұға мүмкіндік береді. Кредит беруші жағдайды бағалай отырып нақты мәміле үшін кредит бойынша көтеріңкі пайыз тағайындауы мүмкін, бұл жерде қызметті сатып алушы да тәуекелге бас тігеді. Алайда қарыз алышылар өзінің кредит төлеуге кабілеттілігіне қатысты банкті алдайды, сондықтан кредиттік тәуекел қарыз берушіге ауыртпалық салады.

Банктер кредит нарығында таралған акпараттың сапасын төмендегі факторлардың есебінен жақсартады:

- банк пен клиенттің арасында қалыптасқан қатынастар, клиенттің кредиттік тарихы жағымды болған жағдайда ол қаржы делдалдарына инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Тек банк қана клиенттер туралы мәліметтерді пайдалана алды, ал мұның өзі капитал нарығында бәсекелестер мен кредиторлар алдында оған артықшылық берілуін қамтамасыз етеді;

- кәсіпорынның банк кредитіне қол жеткізуі нарыққа оның қаржылық жай-күйін және даму келешегін жариялау болып табылады;

- қарыз берушілерді бакылауды жүзеге асырғанда банктердің сараптама жүргізуі капиталдар нарығымен салыстырғанда олардың осы салада да артықшылыққа ие болуын қамтамасыз етеді.

Кредиттік тәуекелді төмендетуде ықтимал қарыз алышылардың қаржылық жай-күйі мен кредиттік тарихтары туралы мәліметтер бар, шетелде көнінен таралған дереккорлардың маңызы зор. Кредиттік талдау үшін кәсіпорындар бойынша кешенді аныктамалар дайындастырын кредиттік бюро маңызды акпарат көзі болып табылады. Акпараттық компаниялар осы текес қызметтер көрсетеді, сондай-ақ олар рейтингтер жасап, оларды жариялады.[4]

Банктердің тәуекелдік стратегиялары мәселелерін қарастыра отырып, банктердің тәуекелдерді басқару жөніндегі әлемдік аукымды тәжірибесінің болуына қарамастан, отандық банк жүйесінде проблемалық активтердің, атап айтқанда қайтарылмаған кредиттер үлесінің жылдан-жылға артуы байқалады. Бұл жағдай тәуекелдер әруақытта қалыптасқан жағдайға сәйкес бағаланбайтынын растайды. Екінші деңгейдегі банктер әрбір тәуекелді жағдай бойынша сыни ахуалды нақты бағалау мақсатында тәуекел-менеджмент жүйесінің рөлін, маңызы мен функционалдық сапасын күшетуі қажет.

Банк активтері мен пассивтерінің жай-күйін талдау нәтижесінде әдебиетте банктердің тәуекел-менеджмент жүйесін енгізу мен дамуының екі негізгі себептері жеке бөлініп атап өтіледі. Біріншіден, көптеген банктердің басшылығы тәуекел-менеджментті дамытудың қажет екенін, онсыз бүкіл банктің тұрқыты дамуы қын болатынын түсінді. Бұл бүкіл тәуекел басқару жүйесінің дербес дамуында ойдағыдай табыстарға жетуге септігін тигізді. Сонымен бірге, олар халықаралық қаржы институттарымен ынтымактастық жасау қажет екенін, бұл халықаралық стандарттарға жетуге ықпал ететінін түсінді.

Екінші жағынан, тәуекел-менеджменттің дамыған жүйесінің болуын халықаралық деңгейдегі де, сондай-ақ республика үкіметі деңгейіндегі қадағалауыш-реттеуіш органдардың өздері де қолдайды. Банктердің қазіргі заманғы тәуекел-менеджментті өз еркі бойынша енгізуге мүмкіндігінің болмауын ескере отырып, ҚҚА екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысын енгізіп, ұйымдастыруды міндеттейтін нұсқаулықты қолданысқа енгізуге шешім қабылдады. Сонымен бірге банктердің тәуекел-менеджмент жүйесін дербес халықаралық аудиторлық компаниялардың жылына бір рет міндетті аудит жүргізу банктерге койылатын тағы бір маңызды талап ретінде қойылды.[5]

Тәуекел-менеджмент жүйесін құруды - коммерциялық банктердің кәсіпкерлік қызметінде кездесетін тәуекелдің барлық түріне объективтік түрде ден кою ретінде қарастыру қажет. Оның белен алудына бизнестің ғаламдануы, бәсекениң шиеленісуі, сонымен бірге қаржы қызметтеріне және банктің делдалдық операцияларына (лизинг, факторинг, форфейтинг) сұраныстың күшеюі ықпал етті. Қазіргі замандағы іскерлік орта жағдайында

нарықта барабар іс-әрекет жасауды пысықтау, сондай-ақ тіршілік ету жолдарын анықтап, тұракты өсп-өркендеу негізін қалау тәуекел-менеджмент жүйесін құрып, оны дамытуды қажет етеді. Сонымен бірге тәуекел-менеджменті теориясы мен оны ұйымдастырып жүргізу әдістемесін әзірлеудің де маңызы арта бастады. Банктерді әр түрлі қаржы нарықтарында және клиенттермен жасалатын операцияларда ықтимал тәуекелден қорғауға ықпал ететін тәуекел-менеджментін қауіпсіздік деңгейіне жетуге қажетті іс-әрекеттердің жиынтық моделі ретінде карастыруға болады. Тәуекелдің алдын алу және бизнесті одан қорғау әдістемесі тұрғысынан алып қарағанда тәуекел-менеджменті коммерциялық банктар қызметінің негізгі бағытарының бірі (маркетингтік, бәсекелік, инновациялық және т.б. бағыттармен қатар) болып табылады. Қазіргі заманғы банк нарығын тәуекелсіз елестету мүмкін емес. Тәуекел кез келген операцияда болады, тек түрлі банктерде тәуекелдің мөлшері әркалай болуы мүмкін, сондықтан оны бағалау және мүмкіндігінше барынша төмендету қажет.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Банк тәуекелділігінің басқару ерекшелігі мен экономикалық мәні // Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ хабаршысы.- Алматы, 2007.- №5.- 232-234 6.-0,4 б.т.
- 2 Инновациялық технологиялар - менеджменттің тәуекелділігін жүзеге асыру құралы // АльПари экономикалық журналы.- Алматы, 2007.- № 3-4- 138-139 6.- 0,3 б.т.
- 3 Менеджмент тәуекелділігі және оның банк қызметіне тигізетін әсерінің жағдайын талдау // Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ хабаршысы. - Алматы, 2008.- №2.-220-222 6.- 0,4 б.т.
- 4 Банк тәуекелінің көрсетілген моделін бағалаудың тиімділігін талдау // Халықаралық Бизнес академиясының ғылыми-практикалық журналы. - Алматы, 2008.- №3.- 171-173 6.- 0,3 б.т.
- 5 Банктік тәуекелдермен басқаратын стратегияның қалыптасуы // . Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары «Үшінші Рысқұлов оқулары». - Алматы 2008. - 291-2976, - 0,38 б.т.

### ӘОК 330.14.012

Ж.Ж. Жайық

*I. Жансугиров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

### АДАМ КАПИТАЛЫ – ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТИНДЕ

В статье рассматривается роль человеческого капитала для успешного индустриально-инновационного развития экономики в условиях интеграции в мировом пространстве. Инвестиции в человека являются надежной гарантией процветания страны, так как это инвестиции в будущее.

The article examines the role of human capital for successful industrial-innovative development of economy in the conditions of integration into world space is considered. Investments into the person are the reliable guarantee of prosperity of the country as it is the investment into the future.

Әлемдік экономиканың қарқындалп дамуы - адами және интеллектуалдық ресурстардың нәтижелі енбегінің жемісі екені белгілі. Қазіргі заман талабына сай дамыған елдерде тиімді әзірлемелер жүйесі және түрлі қызмет сфераларына жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға ету үрдісі байқалады. Сонымен бірге, табиғи ресурстардың молдығын пайдалану маңызды болған дәүір өтіп барады, оның орнына экономиканың технологиялық тұрғыдан дамуын тездету, үдегу мақсатында тиімді тетіктерді колдану мүмкіншілігі үлкен мәнге ие

болып отыр. Арзан, сапасы төмен еңбекке негізделген өндіріс кезеңі аяқталуда. Дәл көзінде қоғам – адамның интеллектуалдық ресурстарына, оның инновацияларды қабылдауы мен жүзеге асыру қабілетіне негізделген қоғам болып қалыптасуда.

Жапония, Сингапур және Германияның мысалдары экономикалық гүлдену мен мемлекеттің саяси абырайның кепілі - табиғи ресурстардың молдығы емес, білімді, жоғары кәсіби адам капиталы және осы сфераны инвестициялау әрқашан жоғары дивиденд алғып келетіндігін көрсетеді. Сонымен қатар білім мен ғылымға каржы салу қазіргі кезде мемлекеттің басымдықтары болып табылады. Қуатты интеллектуалды әлеуеттің болуы Қазақстанның әлемдегі орнын аныктайды: бізде білімді халық ретіндегі бастапқы капитал бар. Осыған байланысты Қазақстанның басты міндеті – қолда бар интеллектуалды ресурстарды сақтап қана қоймай, олардың динамикалы дамуына жағдай жасау. Бұл процесте басты ролді ғылым мен білім аткаруы қажет, бірақ оларда Қазақстанның басқа әлеуметтік сфералары сияқты киындықтарды бастан кешуде.

Экономикаға бөлінетін жалпы инвестициялар көлеміндегі мемлекеттік капитал салымдарының үлесі әлі де болса аз. Бұл проблеманы шешуде келесі жолдар қарастырылады:

- арзан ақша саясатын жүргізу, яғни несие арзан және қолжетерлік болуы тиіс;
- акционерлік компаниялардың акцияларын ашық сату жолымен сыртқы инвестицияларды тарту;

Бәсекелестік кәсіпкерлерді өндіріс тиімділігін арттыруға мәжбүр етеді. Нарықта үнемі тиімді емес тұлғаларды "ағызып жіберу" үдерісі жүріп отырады. Фирма бәсекелестігі тауар өндірушілерді өндіріс шығындарын төмендетуге, қорларды үнемдеуге, өндіріс факторларын соғұрлым рационалды пайдалануға, басқаша айтқанда, өзін-өзі бақылау процесін жүзеге асыруға мәжбүр етеді. Бәсекелестіктің қатал жағдайы технологияны жаңартуға, жаңа өнім жасау уақытын қысқартуға, сапа және сенімділік мәселесінің маңызының артуына өкеледі. Нәтижесінде ғылымға шығын артуда. Мысалы: ғылым және жоба жасауға шығын ЖІӨ-ге қатысты АҚШ, Германия, Жапонияда 5%, Ұлыбритания және Францияда 3,5%, ТМД-да 1,5% құрады. Салалардың ғаламдануы және фирмалардың көп ұлттық болуы мемлекет маңызын төмендетеді. Бірақ, белгілі бір мемлекетте жетекші салалар ондаған жылдар өмір сүретін заңдылық бар. Ұлттық шаруашылықтың құрылымындағы және құндылықтар бағасындағы айырмашылықтар, ұлттық мәдениет, мемлекеттік мекемелер және тарих та бәсекеге әсер етеді.

Откізілген зерттеулер көрсеткендегі, қазір отандық тауар өндірушілер бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруді үйімдастыруды инновацияның ролі жоғары екендігі анық. Бұл үшін Қазақстанда негізгі объективті алғышарттар жасалған. Ғылыми үйімдармен жасалған зерттеулер құрылымында қолданбалы зерттеулер үлесі 50%, ғылыми-техникалық өндіріс – 30% асады. Мемлекет инновациялық қызметтің дамуына қажетті жағдай жасауда.

Елімізде іс жүзінде мемлекеттік не жеке меншік ауыл шаруашылығы машиналары саласында еңбектеніп жатқан бірде-бір ғылыми орталық немесе конструкторлық бюро жок. АгроЕнеркәсіпке қажетті машина жасаушы конструктор мамандар даярлаумен мулде айналысқан жокпсыз. Тіпті агросалада инженерлерін даярлауға мемлекеттік тапсырыс мөлшері де азайып кетті. Қолда бар мәліметтер ауыл шаруашылығы саласындағы ғылымдардың 60%-ның жасы 60-тан асқанын айфактайды. Солай бола тұрса да ғалымдарымыз 700-ден астам бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Ол бағдарламаларда ауыл шаруашылығын механизациялау, автоматтандыру, электрлендіру жүйесін жетілдіру жолдары қараластыруды. Экономикаға кластерлік әдіспен даму жүйесі енгізілген кезде бұл олқылықтың орнын толтырыла бастады. Дегенмен, алдымен ғылыми-зерттеу

орталықтарын кәсіпқойлық деңгейге көтеріп, жаңалықтарды өндіріске жедел енгізу, инновациялық бағдарламалар бойынша ізденісті қаржылық жағынан тарықтырмау мәселелері шешілуге тиіс. Біздің байыптауымызға қарағанда, қазір кейбіреулері ғана қолға алынғанымен, Қазақстанда «Астық», «Макта», «Күріш», «Сұт», «Ет», «Балық», тағы басқа толып жатқан аймақтық кластердің өмірге келуде. Демек, солардың барлығына да қажетті жер және ауа райына төзімділігі аймаққа лайықталған техника мен құрал жабдық қажет. Міне, осы түйінді мәселені шешуді мақсат еткен Үкімет бағдарламасында отандық агрегаттарды шығаруға аса көңіл бөлінген.

Елімізде ғылыми-техникалық инновациялық бағдарламаларды дамыту үшін арнайы даму институттары құрылған. Оның ішінде 3 қаржылық және 3 қызмет көрсету институттары бар. Іс жүзінде ғылыми зерттеулер мен инновациялық процестерді мемлекеттік қолдаудың негізгі кең тараған 3 әдісі бар:

- ғылыми зерттеулерге мемлекеттің тікелей қатысуымен мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын ірі лабораториялар қалыптастыру, нәтижесін ақысыз турде көпшілікке ұсыну. Әдетте, бұл лабораториялар корғаныс, энергетика, денсаулық сактау, ауыл шаруашылығы мәселелерін шешумен айналысады;

- қайтарымсыз негізде субсидиялар белуде мемлекеттік емес лабораторияларда іске асырылатын ғылыми зерттеу жұмыстарына қайтарымсыз негізде мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді. Негізгі қойылатын шарт – зерттеулер барысы бойынша толық есеп беру, алынған нәтижені ашық түрде жариялау.

- ғылыми-техникалық зерттеулер мен тәжірибеле инвестиция бөлінген жеке бизнеске салық жене қаржылардан ұсыну.

Дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстанда мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының принциптік ерекшеліктері де бар. Дамыған елдер үшін іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру көлемін арттыру, ғылымды жеке сектормен өзара байланыстыруды ынталандыру есебінен жаңалықтарды жедел игеру, ғылымның корпоративтік секторын құру мен дамытуға барынша ықпал ету, ғылыми-техникалық әлеуеттің экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге тікелей бейімделуі тән. Ал, Қазақстанда ғылымды қаржыландыру әлі де болса жеткілікті емес. Шаруашылық субъектілердің ғылым мен инновациялық қызметке жұмсайтын шығындарын мемлекеттік ынталандыру жүйесі толық дамымаған, ғылыми-техникалық әзірленімдерді өндіріске енгізу маңыздылығын бағаламау сакталып отыр. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулер және әзірлемелермен айналысатын үйымдарға тиесілі қаражат көлемінің 2010 жылы 2009 жылға қарағанда небәрі 3,1% артқанын аңғарамыз. Мұның өзі аталған үйымдардың ғылыми белсенділігінің төмен екендігін білдіреді. Бірақ, есесіне 2011 жылдан бастап мемлекет ғылым мен білімге көп көңіл бөлуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Брукинг Э. Интеллектуальный капитал / Пер с англ. под ред. Л.Н. Ковалик. – СПб: Питер, 2001. – 288 с.
2. Урузбаева Н. Человеческий капитал как ключевой фактор индустриально-инновационного развития общества // Труд в Казахстане: проблемы, факты, комментарии. – 2006.- №6. – С.2-5.
3. Пипия Л.К.Современные тенденции в формировании научной и инновационной политики // Инновации - 2008 - №12 (222)

## Жұмағұлова Аяулым

*I.Жансугіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы өзінің 1995 жылы 30-шы тамыздағы референдумда қабылданған Конституцияға сәйкес демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялаған. [1]

Нарықтық катынастардың дамуына, әлемдік шаруашылық қызметтерге кірге және халықаралық экономикалық қарым-қатынастың дамуына жол ашып береді.

Қазіргі жағдайда кез келген мемлекеттің экономикасының дамуы дүниежүзілік шаруашылық байланыс арқылы ғана толық деңгейде жан – жакты дами алады.

“Инвестиция” сөзі латынның “инвест” деген сөзінен шыға отырып, қазақша “салу” деген ұғымды білдіреді, яғни “капитал салу”. “Капитал салу” көптеген нысандарда кездеседі ірі банктердің қаржы ресурстары, өндірістік фирмаларды” миллиардтаған табыстар, жеке тұлғалардың жинақтары, кәсіпкерлік қабілеттіліктер мен ерекше тәжірибелер (ноу-хая) және т.б.

Нарықтық экономикалы елдерде “инвестиция” анықтамасы мүлкіті табыс табу үшін пайдалану ретінде құқықтық сипатқа қарағанда, экономикалық сипатқа көбірек ие. Ал “инвестиция” құқықтық маңызды тек заң шығарушы өзі қабылдайтын құқықтық актімен реттейтін қатынастар шенберін анықтауды нактылы мақсат етіп алдыға қойғанда ғана ие болады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар туралы заңында инвестициялар деп-лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқыктарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарлық капиталына инвестор салатын мүлкітің барлық түрлері(жек тұтынуға араналған тауарлардан басқа)немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланатын тіркелген активтерді ұлғайту деп қарастырған.

Инвестициялық қызметке тоқталатын болсақ ол – жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы жөніндегі не кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құрау немесе ұлғайту жөніндегі қызметі болып табылады.

“Инвестицияның” деген ұғым ағылшын тілінен аударылғанда “капитал салу” деген түсінікті береді. Бұл екі ұғым негізінен синонимдес сөздер болып табылады. Кең ұғымда экономикалық әдебиеттерде қаражат салу түсінігінң анықтамасы берілген - әрекет етіп кәсіпорындарды қайта салу, техникалық кеңейту және ғана кәсіпорындарды салу үшін (өндірістен қаражат салу) жұмсалатын қаржылар деген. Яғни, қаражат салу дегеніміз - негізгі қорлардың туындауына, кеңеюіне және дамуына мақсатталған шығындар.

“Инвестициялар” ұғымының кеңірек түсінігі “Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу” монографиясында берілген [2,27].

Бұл түсінік осы ұғымдардың накты айыруға мүмкіндік береді. В.М. Шумиловтың айтуы бойынша “капитал салу” ұғымы өндірістің негізгі құралдарына ғана салын жасау, ал “инвестициялар” – кез - келген экономикалық обьектілер мен процестерге, яғни өндіріс құралдарына, запастарға, резервтерге, ақпараттың ресурстарға, күнды қағаздарға және т.б. салын жасау ретінде түсіндіріледі [3,35].

Әлемнің біртұтастыры алуан түрлі, 160-тан астам тәуелсіз, экономикалық еркін субъектілердің қамтиды. Әр ел өзінің тарихи – географиялық, ұлттық, әлеуметтік – саяси құрылымы бойынша, бір – бірінен ерекшеленеді.

Ұлттық экономикалық жүйелердің әлемдік шаруашылықта бірте – бірте кіруі қажеттілікten туындаған отыр, сондай-ақ оған XX ғасырдың сонындағы ғаламдық заңдылықтардың бірі деп қарастырған. Бұл заңдылықтар көптеген елдерде болып жаткан

экономикалық және саяси реформаларға, әр елдің ішкі күрделі шешімдеріне байланысты сол елдердің экономикасын дүниежүзілік еңбек бөлінісіне итермелейді.

Қазақстан Республикасының Конституациясында белгіленген демократиялық және құқықтық мемлекет құру бойынша стратегиялық мақсат оғны жузеге асыратын әртүрлі шаралар арасында тиімді нарықтық экономиканы құру процестерін құқықтық реттеуді үнемі жетілдіріп отыруды да көздейді. “Қазақстан -2030” Стратегиясында мемлекеттің ұзак мерзімді мақсатарының бірі ретінде шетелдік инвестициялары мен ішкі салымдар деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өрлеу жатқызылған.

Кейбір ғалымдардың пікірінше инвестицияның нәтижесінде пайда тусетін немесе арнағы тиімділікке қол жеткізілетін кәсіпкерлік және басқа да қызметтер объектілеріне салынатын мұліктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрі болып табылады.

Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін үәкілдегі орган жузеге асырады.

Үәкілдегі органның өз құзіреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының жеке және занды тұлғалары арасынан консультанттар мен сарапшылар тартуға құқыны бар.

Үәкілдегі органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ережемен реттеледі.

Мемлекет инвестициялық қатынастарды реттей отырып, инвестициялық қызметтің субъектілеріне ықпал етудін әртүрлі нысандары мен әдістерін қолданады және мемлекеттік менишк объектілерінің иесі және мемлекеттік менишкке жатпайтын объектілер бойынша инвестициялық қатынастарды реттеуші болып әрекет жасайды. Бұл мемлекеттік менишк объектілерін басқару жөніндегі қатынастар мемлекеттік органдар мен мемлекеттік менишктерігі объектілер арасындағы қатынастар болып табылады.

Инвестициялық қатынастарды мемлекеттік реттеудің маңызы құрамдас белгі-мемлекеттік бағалы қағаздарды айналымға шығару. Республикалық бюджеттің каржы жетімсіздігі үшін қолданылатын каржы қуралдарын деверсификациялау мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік индекстендірілген қазынашылық міндеттемелердің айналымға бір жыл және одан да ұзак мерзімге шығару, айналым мен өтөу ережелерін бекітеді [4].

Индекстілген қазынашылық міндеттемелер мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады, Үкімет атынан Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің ағымдағы жетіспеушілігін каржыландыру мақсатымен шығарады, бағалы қағаздар қолданылып жүрген Заннамаға сәйкес бағалы қағаздар нарығында еркін айналымда болады. Бағалы қағаздар иелеріне бастапкы құнымен алуға және индекстенген қазынашылық міндеттемелердің айналымының жарты жылдық кезеңде инфляцияның каркының ескеретін еркін қалку ставкасы бойынша бастапкы құнына пайыздар алуға құқыбы берді.

Бағалы қағаздардың нарығын мемлекеттік реттеуді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде инвесторлардың заңмен қорғалатын мудделері мен құқықтарының пәрменді қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қорлар нарығын мемлекеттік реттеудің жүйесін қалыптастыру.

Қазіргі кезде шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу екі деңгейде жузеге асырылады, олар: ұлттық- құқықтық және халықаралық-құқықтық. Халықаралық шартпен берілген кепілдер мемлекет бір жақты өзгерте алмайды, сондыктan бүндай халықаралық реттеу шет елдік инвесторларға өте керекті және маңызды болады.

Шет елдік инвестицияларды халықаралық-құқықтық реттеу екі жақты және көп жақты халықаралық келісімдермен жузеге асырылады.

Шетелдік инвестицияларды қорғау жөніндегі екі жақты келісімдер халықаралық-құқықтық реттеудің маңызды болгін құрайды. Осы екі жақты келісімнің пайда болуына себеп болған, ол яғни жас тәуелсіз мемлекеттер арасындағы қатынасты реттеуден туған.

Қорта келгенде инвестиция 1992 жылдарға қалыптаса бастады, оған себеп басқа-бір елге тәуелді болып, өз экономикамызға араласа алмауымыз. Енді ата-бабаларымыз тілеген тәуелсіз ел болған соң, елімізді көтеруіміз керек. Ал біздің еліміздің экономикасы құлдырауда, оған себеп экономикалық саясатты” дұрыс жүргізілмеуі, қабылдаған зандарымыздың дұрыс қолданылмауы, сыйбайлас жемқорлықта жол берілу деп ойлаймын. Сондықтан шетел инвесторларын тартып, экономикамызға олардың қаражатын түсіруіміз үшін, әліде жаңа қалыптаскан құқықтық базаны нығайта түсү керек. Сонда ғана біз экономикамызды көтере алып шығамыз ғой деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Конституциясы 1995 жыл 30 тамызда қабылданған.
2. Право и иностранные инвестиции в РК. М.К. Сулейменов. – Алматы, 1997 ж., 227 б.
3. Шумилов В.М. Международное экономическое право. Москва, 1999 ж. 330 б.
4. ҚР индектелген казыналық міндеттемелерді шығару, айналымға беру және өтөу ережелері. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 02.04. № 437 Қаулысымен бекітілген. СААП РК, 2002 жыл, № 8, 61-62 б.

УДК 368

С.А. Идрисова

Магистрант Университета «Туран»

Т.Т. Мухамедьярова

К.э.н., доцент университета «Туран», <http://www.turan.edu.kz/>

### ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ СТРАХОВОГО РЫНКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

The state is playing an active role in insurance sector of economics. It issues laws and regulatory acts to control the insurance market. Phased (step-by-step) development of the insurance market. The establishment of the Kazakhstan insurance market came about international experience.

Мемлекет экономиканың сақтандыру секторында белсенді роль атқарады. Мемлекет сақтандыру нарығын реттеу бойынша, зандар, нормативтік-құқықтықтың актілерін реттеп шығарады. Сақтандыру нарығының кезеңдеп дамуы. Казақстандық сақтандыру нарығының қалыптасуы шетелдік тәжірибелі пайдалану арқылы жүзеге асты.

С началом рыночных реформ казахстанский рынок страховых услуг показывает устойчивые темпы роста. Однако современный этап развития страховых отношений позволяет сделать однозначный вывод о том, что страхование в нашей стране еще не является эффективным инструментом финансовой защиты личных и имущественных интересов населения, хозяйствующих субъектов и государства. Кроме того, отечественная страховая система развивается при слабом участии государства, что выражается в сужении функций в управлении страховыми делом, которые в настоящее время основаны на жестком контроле за деятельность страховщиков. Несмотря на то, что все страны СНГ имели единую базу, страховое дело в каждом из государств имеет свои отличительные черты. Страхование в Казахстане отличается от страхования у наших ближайших соседей – России и среднеазиатских государств.

Например, в Республике Узбекистан предусмотрено, что право на проведение обязательного страхования имеет только государственная компания, которая аккумулирует большинство страховых платежей. В России страховые компании,

занимающиеся особым страхованием, могут заниматься и страхованием жизни, способствуют увеличению страховых резервов.

Страховой рынок – это особая социально-экономическая среда, определенная сфера экономических отношений, где объектом купли-продажи выступает страховая защита, формируются спрос и предложение на нее. Объективная основа развития страхового рынка – необходимость обеспечения бесперебойности воспроизводственного процесса путем оказания денежной помощи пострадавшим в случае непредвиденных неблагоприятных обстоятельств.

Участниками страхового рынка выступают продавцы, покупатели и посредники, а также их ассоциации. Категорию продавцов составляют страховые и перестраховочные компании. В качестве покупателей выступают страхователи – физические и юридические лица, решившие оформить договор страхования с тем или иным продавцом. Посредниками между продавцами и покупателями являются страховые агенты и страховые брокеры, своими усилиями содействующие заключению договора страхования.

Одна сторона (субъект) – это страховая организация (государственная, акционерная или частная), которую называют страховщиком. Страховщик вырабатывает условия страхования (в частности, обязуется возместить страхователю ущерб при страховом событии) и предлагает их своим клиентам – юридическим лицам (предприятиям, организациям, учреждениям) и физическим лицам (отдельным частным гражданам). Страховщики – юридические лица любой, определенной законодательством организационно-правовой формы, имеющие лицензию на проведение операций страхования, ведающие созданием и расходованием средств страхового фонда.

Страховщик – это организация, которая в соответствии с полученной лицензией берет на себя за определенную плату обязательство возместить страхователю или лицам, которых он назвал, нанесенный страховым случаем убыток или выплатить страховую сумму. По принадлежности страховщики могут быть государственными (публичными) и частными [1, 11-13].

Сақтандырудың карқынды дамуы мен жағымды тенденциялары елдегі қолайлы құқықтық жағдайлардан және қарастырылып отырған саладағы тиімді заннамалық іс-әрекеттен туындаған. Сақтандыру рыногы біздің елде карқынмен өсіп келеді. Сақтандыру компаниясын таңдаған кезде кала тұрғындары көбіне бағалау критерийлеріне жүгінеді, яғни мұнда таңдау алдыңғы жылдарда халыққа адал қызмет көрсетумен танылған сақтандыру компаниясының пайдасына жасалады.

Осыған байланысты сақтандыру компаниялары қызметінің негізгі міндеті тұтынушыларға маңызды сипаттар бойынша өзін таныту және жайғастыруды қалыптастыру болуы керек. Көп жағдайда сақтанушылар сақтандыру жүйесіне және жеке сақтандыру компанияларына сенбей жатады, осы жерде сақтандыру оқиғасы пайда болған кезде оның сапасы мен қызметтің сезілгіштігі маңызды рөл ойнайды.

Сақтандыру компаниясы өз қызметінің сезімталдығын көтеру үшін потенциалды тұтынушылармен тек сақтандыру кезеңінде ғана емес, тіпті сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде де қатынасты үзбегені дұрыс. Сақтандыру компаниясын сақтандырудың барлық кезеңінде әйгілендіретін осындай шаралар тұрақты, берік, сенімге ие болған компанияның имиджін құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, міндетті сақтандыруды және

оның қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Статистикаға жүгінетін болсақ, республикадағы барлық тұрғындардың небәрі 27%-ы ғана сактандыру компанияларының қызметін тұтынады немесе тұтынуды көздейді екен. Бұл халық арасында сактандыру қызметі туралы көп түсіндіру шараларын өткізу қажет екенін көрсетеді.

Енді сактандыру қызметін тұтынушы жеке тұлғалардың әлеуметтік-демографиялық жағдайын талдаң қарайтын болсақ, республика бойынша сактандыру қызметін жиі тұтынушылардың ішінде әйелдерге қарағанда жастары 45-55 жас аралығындағы ер адамдардың басым екенін көрсетеді. Олардың бәрі жоғары білімді, отбасын құрған, жоғары табысы бар азаматтар. Сактандыру қызметінің өте үлкен потенциалы соңғы уақыттарда еліміздің бас қаласы - Астанада орын алғып отыр. Астана тұрғындарының арасында сактандыру қызметін тұтынушылардың жас шамасы 33-47 аралығында.

Біздің елде сактандыру қызметінің дамуы көптеген себептерге байланысты болып келеді. Атап айттар болсақ, ол елдің әлеуметтік-құқықтық дамуы, сактандыру тұтынушылардың төлемқабілеттілігі, сактандыру заңнамаларының жай-күйі, мемлекеттік реттеу құралдары мен оның сактандырушылар үшін тиімділігі. Сондай-ақ, сактандыру компанияларын тиімді дамытудың қажетті факторы сот жүйесінің төмен тиімділігінде. Занды орынданмау, сактандыру компаниялары және жеке тұлғалар тарапынан сактандыру оқиғасы туындаған жағдайда өз құқыктарын корғау механизмдерінің жоктығы біздің елдегі сактандыру саласының дамуына кері әсерін тигізуде.

Сондай-ақ, сактандыру қызметінің дамуына тек ішкі факторлар емес, сонымен қатар, сыртқы факторларда әсер етеді, оларға: БСҰ-ға кіру шарты, ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің сактандыру рыноктарының дамуы секілді факторлар жатады.

Сактандыру қызметі өркениетті қоғамның ажырамас бөлгі болып табылады. Осыған орай, оның даму стратегиясы республиканың жалпықұқықтық дамуының стратегиялық міндеттерімен тығыз байланыста болуы шарт. Сактандыру жүйесін реттеуді үйімдастырудың жетілдірілгендейді, осы сектор дамуының мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру механизмдерінің жоктығы - осы аталғандар сактандыру қызметін дамыту қызыншылықтарының көзі болып табылады.

2006 жылдың актап айында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (негізгі бөлім) және Қазақстан Республикасының келесі Зандарына: «Сактандыру қызметі туралы», «Көлік құралдарының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру туралы», «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру туралы», «Сактандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» және басқа да зандарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуі қарастыратын «Сактандыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заны қабылданды. Көрсетілген зандарды қабылдау сактандыру қызметі субъектілерінің іс-әрекетін реттеу және кадағалау бойынша талаптарды ЕО нормаларына сәйкес жасауға мүмкіндік берді. Көп жағдайда реттеу қызметі мемлекетаралық деңгейге ауыстырылады. Сактандыру қызметінің халықаралық рыногына кіру кезеңінде еліміз сактандыру ісін және оны реттеудің халықаралық стандарттарын енгізуін қажеттілігі болып отыр.

Сактандыру ұғымы жалпы өте ертеректе пайда болған категориялардың бірі дегенмен, сактандыру қызметі құқықтық манызы жағынан бірақ кеңінен қаралмаған саласы болып отыр. Ол кездейсоқ қауіптерден сактық қорғаудағы адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сактандыру қызметінде өндіріс, айналым, материалдық илгіліктерді айырбастау және тұтыну процестерінде адамдар арасында қалыптасатын белгілі құқықтық қатынастар іске асады. Ол барлық шаруашылық жүргізуши субъектілер мен қоғам мүшелеріне шығындарын өтеуде кепілдік береді, яғни көптеген тұлғалар арасында бөлу арқылы занды немесе жеке тұлғаның мойнына алған шығындарын өтеу әдісі ретінде көрініс береді. Сактандыру қызметін құқықтық реттеу әлемнің елу бәсекеге қабілетті елдер катарына қосылу үрдісіне жағымды түрде ықпал етпек.

Осыған орай, ұлттық сақтандыру қызметін дамыту стратегиясын әзірлеу барысында объективті және субъективті түрде жасалатын жұмыстар баршылық. Мысалы, сақтандыру қызметі дамуының үйымдық тұжырымдамасын әзірлеу, бағалаудың сапалық және сандық өлшемдерінің жүйесін анықтау және даму бағыттарын тандау мен негіздеу, әлемдік стандарттарға сай келетін сақтандыру қызметінің даму процестерін реттеудегі механизмдердің құқықтық жүйесін жасау.

Ол үшін өз еліміздегі сақтандыру қызметін басқару тәжірибесіне енгізу үшін колайлы жағдай туғызу қажет. Бұл үшін сақтандыру компанияларының автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу, жоғарғы білікті мамандар дайындау, сақтандыру қызметін дамытудың жаңа қағидаларына көшу қажет деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 14, 84-құжат; «Егемен Қазақстан» 2006 жылғы 18 шілде N 166-168
2. Акежанов Д.К. Сақтандыру қызметінің қазіргі жағдайы мен даму ерекшеліктеріне талдау // Ізденис. - 2009. - № 2 (2). - 18-23 бб.
3. Положение об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности владельцев автотранспортных средств. – Алматы, 1996 г.
4. Гвозденко А.А. Основы страхования. – М.: Финансы и статистика, 1998 г. – 304с.
5. Жүйриков К.К. Страхование в Казахстане – пути дальнейшего развития. – Алматы: Жибек жолы, 1994 г. – 278с.

## МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

**ӘОҚ 541.124**

**Ж.Ш. Таубалдиева, Ә.Қ. Түменбаева, Б.Б. Абішева**

*I.Жансүгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,  
№25 орта мектебі*

**МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРДЫ ОЙНАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ  
ОНЫ ПРИКТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ**

В этой статье рассматриваются методические подходы к отбору содержания и организации игры на музыкальных инструментах.

This article is about methodological approaches to the selection of the content and organization of a game on musical instruments.

Жалпы білім беретін оку орындарындағы музыкалық сабактар мазмұнына музыкалық аспаптарда ойнауды еңгізу саны көп алуан түрлі әдістемелердің арасынан осы заманғы педагогикалық тәжрибеде кеңінен тараған бірқатар көзқарастарды ғана карастырумен шектелмейді

Педагог-композитор М.И.Ройтерштейнмен мен оқушылардың мұғалім жетекшілігімен қарапайым аспаптарда өз бетінше музика ойнауына арналған жүйеленген музикалық материал ұсынылған. Оған мыналар кіргізілген:

- оқушылардың мұғалім мен бірге бірлесе орындауына арналған шағын пьесалар;
- әндік-аспаптық балалар шығармашылығының үлгілері;
- тындауға арналған туындыларға қарапайым ырғактық партитура.

Осылардың үлгілері бойынша оқушылар немесе мұғалімдердің өздері олардың көмегімен (накты білімдік міндеттерге байланысты) «өзінің» жана әндер мен шағын пьесалар жазып, өндейді және құрастыралады.

Берілген әрбір миниатюраға оқытылған кезде мақсатты бағыттағы даму жүзеге асырылатын танымдық материал ретінде қарау ұсынылады:

- барынша қарапайым музикалық аспаптарда ойнаудың бастапқы дағдылары мен ептіліктері;
- қарапайым әндік-техникалық дағдылар мен ептіліктер;
- үйқастық ырғактық сезімдер мен музикалық формалар сезімі;
- әуенге қарапайым сүйемелдеуші бола алатын, әуезділігі туындының сипатын барынша ашық бере алатын қолайлыш аспапты тандау туралы; пьеса немесе әнге әуендік немесе данғырлатылатын шығармалардың принциптері туралы, өзіндік шығармашылықтың үлгілері туралы түсініктер.

Сондыктan сабактарда сол бір баяғы әндік – аспаптық миниатюраларды жұмыстын түрлі формаларында пайдалану ұсынылады:

- әндегуте арналған жаттығу ретінде;
- әуендейдік-аспаптық этюд ретінде;
- үйқастық белілкө немесе накты ырғактық суретке тән белініп алғынған игеруге арналған материал ретінде;
- өзіндік шығармашылыққа арналған өзіндік үлгі ретінде.

Ұсынылған үлгілерді балалардың шығармашылығы мен ойындарында музикалық синтаксис туралы түсініктердің дамуы мен импровизациялыққа, түрлендіруте, қыстырыуга арналған материал түркісінде табысты түрде пайдалануға болады.[1].

Кеңінен танымал «Жанғырық» ойыны балаларды ұсынылған материалмен жұмыс істеуге дайындау формаларының бірі бола алды. Оның мақсаты – ырғактық сезім мен үйқастық белсенділікті және аспаптардан (оларды баптау принциптерін есепке ала отырып) дыбыс беліп алумен байланысты қарапайым дағдылар жайында, дауыс ырғактық ептіліктер, әндік-техникалық жайындағы түсініктерді қалыптастыру болып табылады.

Оку материалында ұсынылған әндер мен пьесалар арасында партитураларының құрылымы бойынша және ырғактық айналымдары мен үйқастықтары жөнінен өзара ұқсас туындылар да кездеседі. Бұл М.И.Ройтерштейнмен студенттерге өздері жұмыс жүргізген балалар аудиториясының қабілеттерін ескере отырып, материал тандауына мүмкіндік беру мақсатындағы ғана емес, бір-біріне бір жағынан жақындықтары, сонымен бірге, көңіл-күйлерінде қарама-қарсылықтары да бар екі үлгіні салыстыруға да мүмкіндік жасау үшін істелген. Осында мысалдар арқасында оқушыларға үйқастың (немесе ырғактық ұзактықтың) сол баяғы бір сатыларының үйлестірілуінің түрлі музикалық бейнелер жасауға жол аштындығын, ал, музиканың жалпы сипаты музикалық мәнерліліктердің: ырғак, шашшандық, динамика, дыбысты алып жүруді және тағы баскалардың жиынтығына байланысты. [2].

Осынау маңызды түсініктерді орнықтыру үшін шығармашылық тапсырмаларды, мысалға, алдын ала берілген сатыларда бесік жыры мен шеруге

арналған әуендерді жазу үсінілады. Осы тұрғыдағы аспаптық тапсырмалар әсіресе дауысы мен есту қабілеті нашар үйлескен балаларға барынша пайдалы.

Окушыларды музикалық аспаптарда ойнауға оқыту проблемалары музикалық-педагогикалық ортада осы саладағы көптеген жобалардың авторы ретінде кеңінен танымал И.Г.Лаптевтің жұмыстарында әдістемелік тұрғыда егжей-тегжейлі түрде ашылған.

Автор жалпы білім мазмұнының аспапта музика ойнауды енгізуді бірінші кезекте балалардың музикалық, сондай-ақ, музикалық шығармашылық қабілеттерін дамытатын ықпалды құрал ретінде қаратырады.

Оның әдістемесіне тірек ретінде алынған негізгі ережелер санатына мыналар жатқызылуы мүмкін:

- окушылардың іс-әрекеттің осы түріне қызығушылықтарын оятуға және өзіне барынша ұнаған аспапты тандап алу мүмкіндігіне кол жеткізуі үшін сабактардың ең басында қолда бар аспаптардың әрқайсысына табиғи түрде айқын түсінік беру қажеттігі;
- окушыларды музикалық аспаптарда ойнауға оқытуудың алғашкы кезеңінде-ақ балалардың қиялдау, елестету сынды шығармашылық қабілеттерін дамытатын, олардың еркін ойнап-ойнап табуларымен өрістейтін мен ептіліктерін біртіндеп игеруді қамтамасыз ететін, әдістемелік тұрғыда ойластырылған тапсырмаларды орындаумен байланыстыру;
- музикалық аспаптарда ойнауға оқыту үрдісінде окушылардың ырғактық сезімдерін дамыту, сондай-ақ, олармен музикалық форма мен ұйқасты сезіну, жоғары дыбыстық суреттің кисының түсініу мақсатында қарапайым музикалық сауаттылықты оқытуға баса назар аудару;
- окушылардың мақсатты бағыттағы музикалық дамуы, сондай-ақ, музикалық аспаптарда ойнау дағдылары мен ептіліктерін игеру үрдісінде міндетті түрде музикалық – бейнелік материалды қабылдауына және әншілік іс-әрекеті мен байланысын жүзеге асыру;
- окушылардың шығармашылық әлеуеті мен қызығушылығының, назарының дамуына жол аштың мысалға алғанда, музикант-педагог пен окушылардың іс-әрекеттеріне, сонымен бірге окушының мұғаліммен міндетtelген сипатты, көніл күйі мен формаларды (жазуға дейінгі әуендік суреттер, ырғактық импровизациялар және басқалар) сақтай отырып, «сауал (мұғалім) – жауап (окушы)» сынды өзіндік формаларына жол аштын тәсілдерді кеңінен қолдану;
- негізінде сол немесе басқа бір аспаптың дыбысталуындағы белгілі бір ырғакты әуендік және әуездік сипаттың орындалатын музиканың сипатына сәйкестігі жататын әртүрлі инструментовкалар мен импровизацияларды жасау кезінде музикалық аспаптардың ойластырылған ірітеулері;
- сабакқа курделі емес ұжымдық импровизацияларды – окушылардың сүйемелдеу «ұлғісін» өздерінің тандауына мүмкіндік бере отырып, түрлі қарапайым музикалық аспаптарды (триоларды, металлофондарды, кастаньеттарды, румбаларды, маракастарды, дабылдарды және басқаларды) біртіндеп қосуды енгізу;
- іс-әрекеттің аталған түрін ұйымдастырудагы жас деңгейіне байланысты шектеулердің болмауы;
- осы бағыттағы сыныптық және сыныптан тыс жұмыстардың байланысын осы екі формадағы жұмыстардың бірін-бірі байытатын накты бір қайталанбалы үрдісі ретінде карастыру.

И.Г.Лаптевтің пікірі бойынша аспаптарды сабактарда осылайша пайдалану «окушылардың мүмкіндіктерін «жақыннатады» және сонымен бір уақытта окушылардың жеке музикалық – шығармашылық қабілеттерінің дамуы мен көрініс

беруіне жол аша отырып, белгілі бір кезенде сыныпты бірлігі мықты музикалық ұжымға айналдырады». [3].

А.А.Бороздинов музика ойнайтын аспаптарды музика сабағы мен мектеп оркестрі сабактарына енгізуден бірінші кезекте окушыларды орыс халық музикасына үйретудің жолын көреді. Мұндай көзқарас мыналардан көрініс табады:

- негізінен халықтық-әндік материалға сүйенуінен;
- балалардың қазақ халықтық музикасына тән ыңылдау, үйқастық ырғактық айналымдарды мақсатты түрде оқуынан;
- окушылардың қазақтың халықтық көпдауыстылығын: жартыдауыстықты, дауыстардың еркін көзғалысын, олардың киылышуларын, «қосалқылығы» әуендердің түрленулерінің ерекшеліктерін игеруінен;
- музикалық материалдардың біртіндеп құрделене түсуінен: гетерофонды көпдауысты туындыларды оқудан негізінде жартыдауысты – полифониялық фактура жатқан туындылар түріне өтуден;
- сабактарда аспаптық ансамбльдерде музыканы ұжымдық ойнау дағдыларының даму деңгейінің мелшері бойынша бір тектілерден бастай отырып, сонынан араласқан және осы негізде тұтас оркестрге кешуден;
- балаларды оркестрлік фактураның түрлі функцияларын түрлендіру мен жазу, ойдан шығару, есту қабілеті бойынша ойнауға оқыту;
- музикалық аспаптарда ойнауды оқытуда әрбір бала музикалық үлгіні жаттау кезінде мән мәтінінде біртіндеп болса да музикалық туындыда оркестрлік партияның барлығын орындауды үйренетіп, халықтық педагогиканың қойнауында қалыптасқан тәсілдерді пайдаланудан. Оның үстіне олардың алдына қойылған орындаушылық міндеттер біртіндеп окушының бурдон партиясынан жартыдауыстылыққа одан ары қосалқы партияны орындауға өту желісі бойынша жалғасады;
- балалар оркестрін оқытудың мазмұнына әр окушының оған кіретін барлық музикалық аспаптармен танысуын және біртіндеп оларды ойнауды игеруін енгізуден;
- оркестрдің ересек әрі тәжірибелі қатынаушыларының өз жолдастарымен бірлесе отырып, орындау міндеті түрған оркестрлік партияларды жаттауынан.

Мұндай оқытушылар барысында бала қазақтың халықтық музикасына тән дауыс ырғактарын, халықтық принциптерін игереді, туындының барлық көпдауыстықтық аркауын тындауға дағдыланады түрлі музикалық аспаптар партияларындағы оркестрлік міндеттерді ажыратады, жалпы дыбысталудан өзін және әріптестерін естиді, өз аспабының дыбысталуын тұтас ансамбльдегі аспаптардың дыбысталуына бағындыра алады. Орындаушылық ептілігерін менгеруіне қарай окушы бір партияны орындаудан екіншісіне еркін қосыла алады дирижерсіз ойнау тәсілдерін игереді.

Осылайша бастауыш сынып окушыларында есту қабілетін бакылау және ұжымдық аспаптық музика ойнауда орындаушылық ансамблін қалыптастыру үшін тиімді жағдайлар жасалады. Бұған сонымен бірге сабак мазмұнына магнитофон жазбасы арқылы өз орындауын тындалап, сонынан талдау жасау тәсілін қосу да ықпал етеді.

Музика мұғалімдерінің музикалық білім мазмұнына аспаптық музикада ойнаудың мына бір түрін – мұғалім мен окушының фортепианада бірлескен ансамбльдік ойнауын қосу бойынша жинаған тәжірибесі комақты бағдарламалық - әдістемелік әдебиетте ол «ойнакты төртқолдылық» деген шартты атауға ие болады. Алайда, істің мәні «ойнаушы колдардың» санына байланысты емес. Олардың саны оку бір қолмен ойнаса (тіпті бір саусақпен) ) аз немесе егер окушының ойнауына онымен бір

мезетте бір емес, екі окушы қосылса көп болуы да мүмкін. Ең бастысы – мұғалім мен окушының фортепианада бірлесіп ойнауында. Бұл үрдісте міндеттегі негізгі салмақ (ойнау кезіндегі бірлескен іс-әрекетке жетекшілік жасау, негізгі музикалық материалды орындау) мұғалімге жүктелген.

Аталған жағдайдағы бірлескен орындаушылық іс-әрекет мұғалім – «жетектеуші», окушы – «флесущ» принципі бойынша жүзеге асырылады. Окушының партиясы ол үшін күрделірек болуы керек, соған сай мұғалім оны музикалық материал бойынша барынша қарапайымдандыруға ұмтылады. Бұл ұзак түрган бір немесе қайталанатын дыбыс; әуендік және ырғақтық қатынаста еске жақсы сакталатын музикалық айналым және осыған ұксас тағы басқаларды көрсететін бірнеше дыбыстар болуы мүмкін.

Тіпті осындай музикалық материалдың өзі балалар тарапынан зор қызығушылық тудырады өйткені, балалардың көбінің үйінде фортепиано жоқ, сондықтан олар оған қол тигізіп көруге, бұрындары қолдары жетпей келген аспапта дыбыстың қалай «туатындығын» сезінуге ынталанады. Окушы мұғаліммен бірге ойнайтындықтан және фортепианалық туындының дыбысталуын өзінің орындауы арқылы ести алатындықтан ол музикамен өзіне бұрын беймәлім болып келген қатынас тәжірибесін алады жалпы фортепианалық дыбысталудың сұлулығы өзіне де байланысты екендігіне деген сенімі артады. [4].

Мұндай тәртқолдылық фортепианамен ансамбльдік ойнау және тағы басқа музикалық аспаптарда ойнауды біріктіретін оркестрлік орындаудың құрамдас бөлігіне қосыла алады.

Окушылардың музикалық аспаптарда ойнауына, сонымен бірге әндерге музикалық сүйемелдеулерге арналған туындылар жазылған партитуралардың көптеген санын қосынша білім жүйесінде жұмыс істейтін педагогтер мен музика мұғалімдеріне арналған оку-әдістемелік әдебиетінен табуға болады. Сонымен бірге мұғалімнің өзі немесе окушыларымен бірге ұжымдық аспаптық орындауға арналған сол немесе басқа бір музикалық туындыны оркестрлеуін немесе көркемдеуіне болады.

Партитура жасау кезінде өзінің орындаушылық ойын жүзеге асыру үшін қолында бар аспаптар арасынан музикалық аспаптарды дұрыс тандаудың маңызы зор. Осыны ойластырғанда, мұғалім жатталатын музикалық туындының еркешеліктеріне сүйене отырып, окушылар алдына койылатын көркемдік-бейнелік музикалық-орындаушылық міндеттерді шешітуіне осылар әсер ететін педагогикалық міндеттерді ескереді. Сондықтан накты бір музикалық аспаптың жасалатын музикалық-орындаушылық бейнесіне сәйкестігімен бірге окушылардың сол немесе басқа бір музикалық аспапта ойнау үрдісінде алған орындаушылық тәжірибесіне де баса назар аударылады. Сол бір баяғы туындыны орындау үшін түрлі сыныптардағы окушыларға оркестрлік хаттардың күрделілігі және музикалық аспаптарының құрамы бойынша түрлі оркестровкалардың ұсынылуының мәні де міне осында.

Аспаптарды тандауда олардың дыбысталу сапасына мұқият қараған жөн. Мәселен, балаларға арналған роялдар, пианино, баяндар, аккордеондар, сыйызғалар көп жағдайда сапалы дыбыстарға ие болады. Осыларды оқыту-білім беру үрдісіне енгізу балалардың музикалық дамуына әсер етіп қана қоймайды, олардың есту қабілеттерін дұрыс шықпаған дыбыстарды тап басуға үйретеді.

Туындыны оркестрлеу кезінде бірнеше аспаптарды бірегей дыбысталуға біріктіру мәселесіне арнағы назар аударылады. Балалармен жұмыс барысында жапы оркестрлік дыбысталуда әрбір аспаптың дыбысталуының жақсы естілетіндей және басқаларының дыбысталуының көленкесінде қалып қоймайтында жағдай жасау аса маңызды. Бұл міндет аса күрделі, әсіресе, көптеген мұғалімдер әуендік аспаптарда ойнаудың қындығына байланысты, «шұлы оркестрлер» деп аталатындарға

артықшылық беру керек деп есептейтін ойнауға үйретудің бастапқы кезеңінде тіктен күрделене түседі.

Шұлы аспаптардың табиғи күшінің өзінен-ақ олардың дыбысталуы әуендік аспаптардың дыбысталуымен салыстырғанда аз бедерлі болып келетінін байқаймыз. Осыған орай, оркестрлік партиялардың ырғактық өзара толығуы мен олардың әуендік-динамикалық аракатынасы мәселелері шешуші маңызға ие болады.

Партияны жазу үшін таңдалған аспаптар мен окушылардың олардың кез келген біреуінде ойнауға дайындық деңгейіне байланысты жазудың жалпы қабылданған жүйесі немесе осы үшін арнайы жасалған қарапайым шартты белгілер қолданылады.

Аспаптық партияларды жазуға арнайы жасалған тәсілдердің ішінен негізінде ұрмалы аспаптар партиялары жазылатын дәстүрлі музикалық жазбалар көмегіне жақын шартты белгілер жатқан жүйелер әлемде кең қолданыска ие болды. Бұл - әуениң ырғактық суреті жазылатын көлденен желі. Әрбір аспаптың партиясы өзінің желісі бойынша жазылатындықтан партитурадағы мұндай желілердің саны аспаптық партиялардың жалпы санымен анықталады.

Шартты турде «жіп» деп аталатындағы жазба түрлі ноталар мен партиялардың саны барынша жіктелу болған жағдайда, әуендік аспаптар үшін де пайдаланалуы мүмкін. Бұлай бола қалған жағдайда жазбаның графикалық тәсілі желілерінің саны түрлі жоғарылылықтағы дыбыстар санымен тең болып қалатын нота алып журушін еске түсіреді.

Жазудың бұл тәсілі әсіресе әуен түрлі биіктіктердегі екі – үш дыбыстарға құрылатын әуендік аспаптарда ойнауды игерудің бастапқы кезеңінде тым қолайлы болады. Дыбыстардың әрқайсысы өз желісіне жазылатындықтан олардың арасындағы ара катынас көрнекі түрде байқалады. Сонымен бірге бұл жағдайда окушылардың металлофондар мен ксилофондарда ойнаудың дағдылары мен ептіліктерін бастапқы менгеру үрдісін женилдету үшін музика мұғалімі толық жинақтағы пластинкалар қатарынан балалар жаттап жатқан партияларды ғана қалдырып, басқаларын алып тасатуға жіп жүгінеді.

Егер, музикалық аспаптар партиялары кез келген бір немесе бірнеше ырғактық фигураларды көп мәрте қайталауға негізделсе бірқатар партитураларды жаттау мүмкін. Мұндай тәсіл жаттауды жеделдетеді. Партиялардың аса көп санын біріктіру кезінде мұндай тәсілдің жағымсыз салдарларға әкеlei соктыруы ғажап емес, өйткені, окушылардың басты назары жалпы дыбысталуға емес, өздерінің партияларына ауып кетеді. Егер, балалар үшін есту қабілеті арқылы жаттау ереже болып табылса, онда жалпы дыбыска бейімділіктің болмауы оларда ұжымдық аспаптық орындаушылық дағдылары мен ептіліктердің қалыптасуын қынданат түседі.

Бастауыш мектептің сабактары мазмұнына балалардың музикалық аспаптарда ойнауын енгізуін түрлі әдістемелік шешімдерінің нақты мысалдарымен У.Жамъян, Н.Братанова, Д.Молдағалиева, А.Выюновалармен өткізілген музика сабактарын қарau барысында танысуға болады.

У. Жамъяның Монголия елшілігіндегі мектеп окушыларымен жүргізген сабакы музикалық іс-әрекеттің осы түрі мен тұнғыш рет қатынаска түскен балалармен музикалық аспаптарда ойнауды енгізу көзқарасымен көрінеді. Окушылардың кез келген бір музикалық аспапта ұжымдық ойнау тәжірибесі әлі жоқ болғандықтан, оларға ұсынылатын тапсырмалар барынша қарапайым болуға тиісті. Мұғалім аталған үзіндіні аспаптық орындаушылық, балалардың музика мұғалімімен бірлесе отырып жасаған музикалық туындының көркемдік бейнесінің импровизациялық бастауын күшету бағытында құрастырған. Окушылар таныскан туындының негізінде монгол халқы нышандарының бірі – «Қара жылқы» бейнесі жатқандықтан сүйемелдеу партиясы ат тұяғының дүбірін елестететін ырғактарға құрылған.

Аталған сабак үзіндісін талдау кезінде шамшат таяқшалармен ырғактық суретті орындау сиякты барынша қарапайым тапсырманың музикалық-педагогикалық міндеттердің тұтас қатарының шешілігіне жол аштындығы назар аудартады.

Д. Молдағалиева мен Н.Братановалардың еткізген музика сабактарындағы музикалық аспаптарда ойнауға кіріспе басқа мақсатты нұсқамалардан бастау алған. Ол – Москвадағы мектептер окушыларды басқа елдердің музикалық мәдениеттерімен таныстыруға бағытталған. Сондай-ақ, мұнда мұғалімдер окушыларға сол немесе басқа бір аспаптарда ойнауды ұсына отырып, көп жағдайда түрлі міндеттерді шешкен.

Н.Братанованаң сабағында окушылар болгар музикасымен танысады. Музикалық аспаптар балалардың осы музиканың өздеріне жаңа болып келетін ырғактық құрылымын сезінуі үшін енгізілген, сондықтан да, мұғалім әндердің бәрін оларға аспаптық сүйемелдеумен орындауды ұсынады. Аспаптар құрамы ретінде түрлі елдерге әстүрлі болып келетін бірнеше музикалық аспаптар жиынтығы пайдаланылған.

Мұғалім балаларға тек музикалық материал ғана жаңа болып көрінуі үшін, оларға бұрыннан таныс аспаптарды ғана қолданады. Бұл окушылардың назарын осылардың төнірегіне токайластыруға, орындалатын музикаға белсенді түрде кірге мүмкіндік береді.

Сабактың аталған үзіндісін талдау барысында мұғаліммен қандай аспаптар таңдалып алынды, олардың дыбысталуының қалай болуына; аспаптық ансамбльде олардың қалайша бірін-бірі толықтырғанына; қарапайым музикалық аспаптардың дыбысталулары мұғаліммен фортецианада орындалған партиямен байланысуына; туындыны орындауға мұғалімның қай түрғыда қатысканына байланысты орындаушылық үрдісті басқару құралының қалай өзгергеніне назар аударуға болады.

Д. Молдағалиева аспаптық ойнауға кіріспеде москвалық окушыларды қазақ халқының музикалық мәдениетімен таныстыру мақсатында мүлде басқа әдістемелік шешімді пайдаланады. Ол сабак мазмұнына қазақ музикасын енгізіп қана қоймай, балаларға қазақтың қарапайым халықтық музикалық аспаптарында ойнауды да ұсынады. Бұған қол жеткізу мұғалімнің осының алдындағы сабакта аталған әнді жаттатуды бастағаны және сондықтан оны қайталаған соң оған күрделі міндет жүктеу; окушыларға мүлде жаңа музикалық аспаптарды ойнаумен бір мезетте әндетеу арқасында мүмкін болады.

Мұғаліммен таңдалған аспаптар қатары негізінен ұрмалы аспаптар тобынан түрғандығына қарамастан, ол дыбысталуы бойынша сантурлілігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге балаларға ұсынылған аспаптарда ойнау орындаушылық түрғыда соншалықты жеңіл болған және ұжымдық аспаптық іс-әрекет үрдісіндегі окушылар әрекетін күрделі үйлестіруді қажетсінбейді. Ал аспаптардың өздері окушылар үшін барынша тартымды болғандыктан олардың тарағынан үлкен қызығушылық туғызады.

Аталған сабак үзіндісін талдау окушыларға ұсынылған аспаптардың дыбысталуы мен сыртқы бейнесін, балалардың сол немесе басқа бір аспапқа деген катынасын; мұғалімнің аталған аспаптарды окушыларға таныстыру және олармен жатталған әнге ырғактық қосылуды орындауы үшін қолданған әдістемелік тәсілдерін көз алдымызға келтіруге көмектеседі.

А. Вьюнованаң сабағы окушыларды музикалық аспаптарда ойнауда оқыту бойынша олармен алдын ала жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін көрсету жобасымен көрнекі. Бұл жағдайда аспаптық музикалық ойнау туындының көркемдік бейнесін сахналық жүзеге асыру құралы ретінде көрінеді.

Осы сабактың үзіндісін мысалға ала отырып, таңдалып алғынған музикалық аспаптардың барынша шектеулілігіне қарамастан (осы аспаптың екі түрінен тұратын қасықтар жиынтығы), мұғаліммен партитура құрастырылып, сахналық жоба жасалған. Сонымен бірге бұл жағдайда мұғалім және окушылармен орындалатын партиялар өзара бірін бірі толықтырады және күрделілік санаттары бойынша ұқсамайды.

И.Г. Лаптев, А.А. Бороздинов және тағы басқа педагог-музыкантердің жұмыстарында көлтірілетін әдістемелік ұсыныстардың негізінен бастауыш мектеп жасындағы оқушыларға бейімделетінін ескерген жөн. Сонымен бірге Москва қаласындағы бірқатар мектептерде жас өспірімдермен жүргізілген сұхбаттар және сауалнамалар оқытудың ең жоғары сатыларындағы оқушылардың өздерінің де музикалық аспаптарда ойнағысы келетіндігін көрсетеді.

Негізгі мектептегі музикалық сабактардың мазмұнына музикалық аспаптарда ойнауды енгізу тәжірибесі әлемнің түрлі елдерінде бар. Сонымен бірге мұндай жағдайда олардың басым белгінде, атап айтқанда, халықтық музика аспаптарында ойнауды оқытуға айырықша маңыз беріледі.

Мұндай тәжірибемен, мәселен, видеокассетадар жүргізілетін сабактың үзінділерінің бірін көру кезінде танысуға болады. Осы үзіндімен танысу кезінде Москвадағы литва тілінде оқытатын мектептерінің біріндегі жасөспірімдердің литвалық халық аспабы – скучучайда керемет қызығушылықпен ойнап отырғандығына күә боласың. Аталған аспап өзінің құрылымының қарапайымдығына қарамастан, үлкен мүмкіндіктерге ие. Аталған жағдайда осынау күрделі емес аспапта ойнау оқушыларға өздерінің орманның «жағдайы», оның «дыбыстары» туралы түсінігін, өздерінің ормандағы алған әсерлері мен естіген «орман дыбыстарын» елестету арқылы жеткізуге көмектеседі.

Осы текстес тапсырмалар ауқымы аса үлкен болуы мүмкін. Олардың ең бастысы – аспаптық құралдар арқылы оқушылармен шығарылған немесе жатталған сол бір немесе басқа музикалық бейнеге сәйкес музикалық суреттерді жасау. Видеокассетадағы осының алдындағы сабактарда оның өзі жүзеге асырған осындай жұмыстардың нәтижелері ғана көрсетілген.

Сондыктан да аталған үзіндіні сараптау мына төмендегі музикалық сипаттамалар туралы түсініктер береді: аталған нақты аспаптың әуезделік, ырғактық және әуендейк ерекшеліктері; осы сынды аспаптар құрамына арналған аспаптық партитура жасау кезінде міндетті түрде ескерілуге тиісті жалпы «оркестрлік» дыбысталудағы бірнеше аспаптардың мүмкін болатын байланыс принциптері.

Мұндай сараптау басқа, оларға жақын аспаптар, мәселен, бұған дейін жоғарыда еске алынған орыстың халықтық ыскырықтары мен сыйызғылары және тағы басқа да аспаптарына арналған партитуралар жасаудың тәсілдерін де көрсетуге көмектеседі.

#### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. Музикалық білім теориясы: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – М., 2004.
2. Алиев Ю.Б. Мектеп муғалімі – музыкантының үстел үстіндегі кітабы. – М., 2000.
3. Алиев Ю.Б. Музика сабактарындағы ән салу: сабактар конспектілері, репертуар, әдістеме. – М., 2005.
4. Апраксина О.А. Мектептегі музикалық тәрбие әдістемесі. Оқу құралы. – М., 1983.

## БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТ ӨМІРІНДЕГІ АТАУЛЫ ОҚИҒАЛАР



I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде **16-17 наурыз, 2012 жылы** ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жоғары оқу орындары студенттік ғылыми қоғамдарының «Жаңа әлемдегі жастар және ғылым» атты республикалық форумы өтті.

Форум мақсаты - жоо студенттік ғылыми қоғамдар жұмысының тиімділігін арттыру, тәжірибе алмасу. Білімгерлерді ғылымға тарту, олардың ізденушілігіне бағыт-бағдар беру. Форум аясында «Студенттік ғылыми қоғам: қазіргі жағдайы және даму перспективасы» тақырыбында дәңгелек үстел және дәстүрлі өткізіліп тұратын республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онда Президент Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауында білім мен ғылымға қатысты айтылған басымдықтар, экономика, ақпараттық технология, жаратылыштану, техникалық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылым жайында өзекті мәселелер талқыланды.

Форум жұмысына ҚРБФМ вице министрі М.Сарыбеков, Алматы облысы әкімінің орынбасары С.Мұқанов, қала әкімі Е. Алпысов, қала әкімінің орынбасары F.Сарыбаев, Алматы облысы жастар саясаты орталығының директоры Р. Алпысов қатысты. Форумды университет ректоры, з.ғ.д., профессор Э.Е.Бектұрғанов ашты.

Дәңгелек үстелде Қ.Сәтпаев атындағы ҚҰТУ, А.Букетов атындағы ҚарМУ, М.Әузев атындағы ОҚМУ, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Х.Дулати атындағы ТарМУ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда МУ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай МУ, Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ студенттері баяндама жасап презентацияларын көрсетті. Дәңгелек үстел барысында білімгерлерді ғылымммен айналысуға тарту, білім беру ошақтарында жастардың ғылыми бірлестіктерін құруда кездесетін қындықтар мәселесі талқыланды.

Ғылыми-тәжірибелік конференция барысында төмендегідей секциялар жұмыс жасады:

- Студенттік ғылыми қоғам: қазіргі жағдайы және даму перспективасы
- Жаратылыстану ғылымы
- Физика-математикалық және техника ғылымы
- Құқық, әлеуметтану және саясаттану
- Экономика және бизнес
- Филология және тарих
- Педагогика және психология
- Мәдениет және өнер
- Бастапқы әскери дайындық, дene тәрбиесі және спорт



Республикалық жоғары оқу орындары студенттік ғылыми қоғамдарының «Жаңа әлемдегі жастар және ғылым» форумында төмендегідей нұсқаулықтар қабылданды:

1. Қазақстандық жоо студенттік ғылыми қоғамдарының ғылыми қызметін, олардың идеясын жүзеге асыруы үшін қаржыландыратын арнаіы қор құрылса;
2. Еуразиялық Университеттердің Ассоциациясы негізінде Жас ғалымдардың еуразиялық Клубы құрылса;
3. Қазақстандық жоо студенттік ғылыми қоғамдарының қызметін үйлестіретін Республикалық комитет құрылса;
4. Студенттік ғылыми қоғамдарының республикалық бірыңғай сайты құрылса;
5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысып жүрген білімгерлерді ынталандыру;
6. Республикадағы ғылыми орталықтарға ғылыми жетекшілердің қатысуымен экскурсия үйімдастырылса;
7. ҚР жоо сайтында интернет бет ашылса, онда студенттік қоғамдардың қызметі жайлы ақпарттар енгізілсе;
8. Алматы облысы мен Алматы қаласында студенттік ғылыми қоғамдардың Ассоциациясы құрылса студенттердің өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туар еді;
9. Студенттік ғылыми қоғамдарына, топтарына, кружоктарына жабдықталған аудитория берілсе;
10. Республикалық және халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарының студенттік ғылыми қоғамдарымен байланыс орнатылса.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға 35 қазақстандық жоо білімгерлерінен 385 баяндама келіп түсті. Конференцияға қатысушылардың еңбектері 3 бөлімнен тұратын жинақ болып басылып шықты.

МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА

<b>Д.Н. Нургабыл, Б.Б. Артықбаев</b> АСИМПТОТИЧЕСКИЕ ОЦЕНКИ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧИ ВОССТАНОВЛЕНИЯ ДЛЯ СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННЫХ УРАВНЕНИЙ ВТОРОГО ПОРЯДКА .....	4
<b>К.Б. Бопаев, М.Д. Буланов</b> УСТОЙЧИВОСТИ РАЗНОСТНЫХ ДИНАМИЧЕСКИХ СИСТЕМ (РДС) В СЛУЧАЯХ БЛИЗКИХ К КРИТИЧЕСКИМ.....	10
<b>Е.Д. Нургабылов, Д. Бектегенқызы</b> ПОСТРОЕНИЕ АСИМПТОТИЧЕСКОГО РАЗЛОЖЕНИЯ РЕШЕНИЯ СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ.....	14
<b>Д.Н. Нургабыл, Г.Б. Молдакулова</b> АСИМПТОТИЧЕСКОЕ РАЗЛОЖЕНИЕ РЕШЕНИЯ СИНГУЛЯРНО ВОЗМУЩЕННОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧИ ДЛЯ СИСТЕМЫ ЛИНЕЙНЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ.....	24
<b>Р.Б. Тасболатова, Р.Е. Байжуманова</b> МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ МУМКІНДІКТЕРІ.....	30

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ

<b>Ш.Т. Ақбергенова, З.М. Исабаева, Г.Қ. Жұмадилова</b> ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ТАРИХИ ШОЛУ.....	37
<b>Ү. Қалиева</b> ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ ЗЕЙІН ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУ.....	41
<b>Н.А. Митина, Т.Т. Нуржанова</b> ОРГАНИЗАЦИЯ ДОСУГА СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА.....	44
<b>Х.Т. Наубаева, Г.Б. Баримбекова</b> БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРЕІ.....	48
<b>Х.Т. Наубаева, Д. Сабитов</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЬПТАСУЫ ЖАЙЛЫ.....	54
<b>І.М. Розакова, Г.Қ. Тлеуова</b>	

ӘЛЕУМЕТТИК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ.....	58
--	----

<b>М.А. Сыдыкбекова</b> ОПЫТ РАБОТЫ МОЛОДЕЖНЫХ ЦЕНТРОВ ЗДОРОВЬЯ В КАЗАХСТАНЕ .....	61
--	----

## ИСТОРИЯ, ЭТНОЛОГИЯ, АРХЕОЛОГИЯ

<b>Б.Ш. Шаяхметов, М.С. Қанғалаков</b> ҚАЗАҚТЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ.....	67
--	----

## ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

<b>А. Абрахманова</b> ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ .....	73
--	----

<b>С.У. Абдибеков, Оразбаева А.С.</b> БАНК ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ТИМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ .....	78
---	----

<b>Ж.Ж. Жайык</b> АДАМ КАПИТАЛЫ – ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТИНДЕ.....	82
---	----

<b>Жұмағұлова Аяулым</b> ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ.....	84
--	----

<b>С.А. Идрисова, Т.Т. Мухамедьярова</b> ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ СТРАХОВОГО РЫНКА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	86
---	----

<b>М. Кантуреев</b> ПРОБЛЕМЫ КРЕДИТОВАНИЯ АПК В КАЗАХСТАНЕ.....	91
--	----

<b>Ж.Е. Нурпазилов</b> КӘСІПОРЫННЫҢ СЫРТҚЫ САУДА ҚЫЗМЕТИНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ РӨЛІ.....	95
--	----

<b>Л. Ж. Оразбаева</b> СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ИННОВАЦИОННОГО МЕНЕДЖМЕНТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	98
---	----

<b>Б.А. Сүлейменова, Қ.С. Сакибаева</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТИЛЕРІН НЕСИЕЛЕУ МЕХАНИЗМІ .....	102
---	-----

**Т.Т. Табеев**

- АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСҮ ПОЛЮСТЕРІНІҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ..... 106

- Г.Б. Төлешова, Н.Н. Ашкеева** ..... 109  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨНЕРКӘСПТІК САЯСАТЫ: ДАМУ ТАРИХЫ

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

- А.Е. Идрисова, А.С. Акмуллаева, А.М. Маусумбаева**  
ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ОЧИСТКЕ  
ВОДЫ МЕТОДОМ АЭРАЦИИ ..... 114

- Э.М. Кадимова**  
ЗАГРЯЗНЕНИЕ АВТОТРАНСПОРТОМ ВОЗДУШНОЙ СРЕДЫ  
Г. АКТОБЕ ..... 116

**ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ**

- А.Б. Бушуков**  
АТҚАРУШЫЛЫҚ ӨНДІРІС ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ  
СИПАТТАМАСЫ ..... 121

- А.А. Кожахметова**  
ПРАВОВЫЕ ФОРМЫ УЧАСТИЯ БАССЕЙНОВОГО СОВЕТА В РЕШЕНИИ  
ВОДНЫХ ВОПРОСОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ..... 123

- I.C. Нұрбол**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК  
ӘРІПТЕСТІКТІҢ МЕХАНИЗМІ – КОНЦЕССИЯНЫҢ  
ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ ..... 126

- Г.К. Шуланбекова**  
САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ФАКТОР  
РЕТИНДЕ ..... 129

**МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

- Ж.Ш. Таубалдиева, Ә.Қ. Түменбаева, Абішева Б.Б.**  
МУЗЫКАЛЫҚ АСПАЛАРДЫ ОЙНАУДЫ ҮЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ  
ОНЫ ІРІКТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ ..... 135

<p><b>ЖМУ ХАБАРШЫСЫ</b> Ғылыми журнал 1997 жылы шыға бастады.</p> <p>Қазакстан Республикасының Акпарат және қоғамдық көлісім Министрлігінде жанадан тұркеліп, 2003 ж.12 қыркүйегінде № 4188-Ж куәлігі берілген.</p>	<p><b>ВЕСТНИК ЖГУ</b> Научный журнал Издается с 1997 г.</p> <p>Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №4188-Ж от 12 сентября 2003 г.</p> <p>Международный центр ISSN в Париже зарегистрировал журнал «Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің хабаршысы» под номером ISSN 1813-1123</p>
---	---

**ВНИМАНИЮ АВТОРОВ!**

Журнал "Вестник" Жетісусского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей.

Для публикации статьи авторам необходимо представить следующие материалы и документы:

- 1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами;
- 2) Резюме на казахском, русском, английском языках должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений);
- 3) ключевые слова (5-10);
- 4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе;
- 5) на отдельном листе сведения об авторах: должность, ученое звание, учченую степень, место работы (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты.

Материалы для публикации, поступившие в редакцию, направляются на научную экспертизу. Решение экспертной комиссии оформляется протоколом и при положительном отзыве статья публикуется в ближайшем номере Вестника ЖГУ. Статьи магистрантов должны сопровождаться отзывом научного руководителя с пометкой о рекомендации к публикации.

Представляя текст работы для публикации в журнале, автор гарантирует правильность всех сведений о себе, отсутствие плагиата и других форм неправомерного заимствования в рукописи произведения, надлежащее оформление всех заимствований текста, таблиц, схем, иллюстраций. Авторы опубликованных материалов несут ответственность за подбор и точность приведенных фактов, цитат, статистических данных и прочих сведений.

*Плагиатом считается умышленное присвоение авторства чужого произведения науки или мыслей или искусства или изобретения (или их части). Плагиат может быть нарушением авторско-правового законодательства и патентного законодательства и в качестве таковых может повлечь за собой юридическую ответственность Автора.*

**Требования к оформлению**

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал для текстов на казахском языке шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см, абзац – 1,25. Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

**Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются**

**При slанные рукописи обратно не возвращаются авторам**

<p>Корректоры:</p> <p>М.К. Бисенкулов, Г. Сырлыбаева</p> <p>Компьютерная верстка, изготовление оригинал-макета С.Д. Шудабаевой</p>	<p>Подписано в печать 11.05. 2012 г. Гарнитура Таймс. Формат 200x280. Бумага офсетная. Печать офсетная. Тираж 550 экз. Усл.л.л. 9.0. Отпечатано в издательском центре ЖГУ им.И.Жансугурова Заказ № 00611</p> <p>040009. Талдыкорған, И. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Жансүгіров көшесі, 187а.</p>
--	---